



● **КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК**



Кәсіпке қолдау

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

"Жұлдыздарға қара" қайырымдылық байқау жобасы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған. Олардың жеке өзіндік

бизнес-идеяларын іске асыруда бұл бастама жақсы көмек. Жоба ақшалай гранттарды беру арқылы кәсіпкерлікті дамыта отырып, олардың талпыныстарын қолдауға бағытталған.



● **ИНВЕСТИЦИЯ ИІРІМДЕРІ**

Сын көп, сенім де зор

Жандос
ЖҮСІПБЕК

Өткен сенбіде облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жұмыс сапарымен Әуликөл және Науырзым аудандарына барды. Кен орнында болып, әлеуметтік нысандарды аралады. Қырман басында ауылшаруашылық тауар өндірушілермен кездесіп, орақ науқаны тұсындағы бірқатар мәселелерді сарапқа салды.

Тобыл өңірі өз көмірін тұтына-тын болады. Қазіргі уақытта Құшмұрын кен орнында сұр тас көмір өндіру бағытындағы жұмыстар қызу жүруде. Мамандар келер жылы-ақ алғашқы өнімнің сапасы мен маңызын жергілікті жылу қазандықтарында сынап көрмек.

Жұмыстар биыл 6-ақпанда ба-сталған. 35 метр тереңдікте жат-

қан қоңыр түсті көмірге 2017 жыл-дың басында күрек ұшы тиеді. Әзірге, разрездің қазіргі бойлығы – 11 метр. Ал мұндағы қор көлемі, мамандардың сендіруінше, 500 млн. тонна.

– Өндіріс жұмыстарына келесі жылы кірісетін боламыз. Жоспа-рымызша, 2019 жылы өндіріс қуаттылығы жылына 5 млн. тон-наға жетуі тиіс, – дейді "Қазақ көмір

энергетикалық компаниясы" ЖШС директоры Нұржан Жетпі-сов. – Ал өнім Қостанай және өзге де жақын орналасқан облыстар-ды қамтамасыз етеді. Сұраныс арта жатса, географияның одан әрі кеңейе берері сөзсіз.

Басты айта көтерлігі – бұл жұмыстардың бәрі жеке қаржы-ландыру арқылы ғана жүзеге асып жатыр. Яғни қаражаттың



барлығы – "Тюрк Қазына" сауда-өндірістік компаниясы" ЖШС мен "Тобыл" ӘКК-нікі. Алғашқы 11 жыл-ға 34 млн. доллар қарастырыл-ған. Мұның сыртында, көмір өңдеу зауыты құрылысына тағы 11 млн.

доллар жұмсалмақ. Құрылыс де-мекші, келер жылы кірме темір жол төселеді, электр тасымалы желісі орнатылады және көмір разрезі маңынан ара-лық станция салынбақшы.



Сапа болса, көмек те болады

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

"Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" аймақтарды дамыту бағдарламасы аясында Таран ауданындағы Новоильинов орта мектебі жөндеуден өтті. Аталмыш ауданға барған іссапарында облыс әкімі А. Мұхамбетов мектепке арнайы барып, атқарылған жұмыстармен танысты.

Биыл білім ошағының сырты жөндеген. Терезелер толығымен ауыстырылып, төбесі жаңартылған. Енді келер жылы жылу жүйесі ауыстырылады деп жоспарлануда. Жылу жүйесі 45 жылдан бері жаңарту көрмеген. Бұл аймақ басшысын алаңдатты. Бірақ биыл жылуға байланысты қиындық туындамайтынын жеткізген мұндағылар облыс әкімінен мектеп маңын көгалдандыру мен абаттандыруға, жиһаздарды жаңартуға 103 млн. теңге көлемінде қаражат сұрады.

— Алдымен жылу жүйесін дұрыстап алу керек. ҰБТ көрсеткіші де қуантарлық емес. Білім сапасын көтерсеңіздер біздер де көмек беруге дайынбыз, — деді облыс әкімі.

Солодовтарға дауыс берейік!



2016 жылғы 10 қыркүйекте облыстық айналымның лауреаты атанған Солодовтар Отбасы күні қарсаңында Астана қаласында өтетін "Мерейлі отбасы" Ұлттық байқауының республикалық кезеңінің салтанатты рәсіміне қатысады.

Солодовтар отбасына дауысты 6284 қысқа нөміріне Kcell, Beeline, Altel, Tele2 мобильдік операторлар арқылы сондай-ақ 8-803-080-00 нөмірі бойынша стационарлық телефондардан отбасының 11 реттік нөміріне хабарлама жіберіп, дауыс беруге болады.

Дауыс беру туралы толығырақ ақпаратты: 8 (7142) 57 51 93 телефоны бойынша, сондай-ақ www.kaztube.kz және www.sayasat.kostanay.gov.kz сайттарынан алуға болады.

Өткен күннен естелік



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты Тәуелсіздіктің 25 және "Қазақстан-Қостанай" телерадиокомпаниясының 25 жылдығына арналған кеш өткізді. Басқосуға қаланың шығармашыл зиялы қауымы жиналды.

"Қазақстан-Қостанай" телеарнасының 25 жылдық мерейтойы аймақ бойынша айрықша атап өтілуде. Қостанай аймағындағы тұңғыш телевизияның тарихын паш ету мақсатында облыстық мемлекеттік мұрағаты өз қорын өңірлік арнаның құнды құжаттарымен, келешекке керек деректерімен молайтты. Мұнда "Тағдырым менің — өнерім" атты көрме қойылған. Көрмеде өткен күннен сыр шертетін құнды суреттер, құжаттар орын алған.

Кездесу барысында телевизияның дамуына үлес қосқан жандар, журналистика саласының майталмандары сөйлеп, қызықты деректер беріп, өткен күнді еске алды. Олардың әрқайсысының өзіндік ізі, алар орны бар десе де болады.

2016 жылдың 20 қыркүйегінде сағат 11.00-де www.kapital.kz порталында ҚР Ұлттық Банкі Төрағасы Данияр Акишевтің онлайн-конференциясы өтеді. Өз сұрақтарыңызды мына электронды адреске жіберуге болады: press@nationalbank.kz және info@kapital.kz немесе ҚР ҰБ-нің Facebookтегі парақшасына жазуға болады (www.facebook.com/ulttykbanki/ және www.facebook.com/nationalbankkz/) немесе онлайн-конференция жөнінде постымен Instagramға шығаруға болады (https://www.instagram.com/nationalbankkz_rk/)

Сондай ақ, ҚР ҰБ жаңалықтарын Twitterде табуға болады (<https://twitter.com/nationalbankkz/>)!

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Цемент зауытының болашағын қаражат шешеді

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Облыс әкімі А.Мұхамбетов кезекті іссапармен Таран, Рудный өңірлерінде болып, бірнеше нысандарды аралады.

Рудный қаласындағы цемент өңдеу зауытының салынып жатқанына бірнеше жыл. Әкім бұл жерге осымен төртінші рет келіп отыр. Бірақ жағдай көңіл көншітерлік емес. Мұндағы жұмыстың толық аяқталуы үшін әлі 2,8 млрд. теңге қажет. Зауыт келісімге келген "Сбербанк" қызметкері тиесілі қаражат берілгенін айтады. Енді қаражат берудің реті жоқ. Мәселенің туындауы доллардың өсімімен байланысты.

Қиындыққа қарамастан, облыс әкімі А.Мұхамбетов өзінге қажетті деген жұмыстарды аяқтап, зауытты іске қосу керек екенін ескертті. Кәсіпорын басшылары осы айда іске кірісуді жоспарлауда. Шет елден қажетті мамандар келмек. Инвестициялық жобаның жетекшісі М.Турдахунов нысандағы құрылыс жұмыстарының дені дайын екенін көрсетті. Құрылғы да іске қосылуға жақын. Қазір соңғы жұмыстары жүргізілуде. Бірақ соңғы нүктесін қоюға қаржы жетпейді.

— Қаржыландыру мәселесін біріге отырып шешу керек. Ретін тауып, банк қолдаса, аяқталуға жақын тұрған зауыт іске қосылар еді. Егер уақыты соза берсек, іс аяқсыз қалып, жабылып қалуы да мүмкін. Барлық еңбек далаға кетіп, бәрі де талан-таражға түсері сөзсіз. Біз өз тарапымыздан қиын болса да темір жол жұмысына 507 млн. теңге көлемінде қаражат бөлеміз. Ал сіздер істі жи-



нақтап, қажетті дегендерді аяқтап, қараша айында іске қосылуды ойлаңдар. Екі апта ішінде мәселе шешімін табуы тиісті, — деді облыс әкімі А.Мұхамбетов.

Одан әрі аймақ басшысы Таран ауданының ауылшаруашылық қызметкерлерімен егістік басында кездесті. Биылғы күннің райы диқан үшін жаман болмады. Ендігі мақсат — егінді дер уақытында жинап алу. Диқандар бұл орайда өзінше ешқандай қиындық жоғын жеткізді.

Сын көп, сенім де зор

— Бұл жобаның ауданының ғана емес, тұтас облыстың әлеуеті үшін маңызды рөл болмақ. Ал енді темір-жол төсеу тұрғысына келгенде, айтар бір ұсыныс бар. Ақтөбе облысында рельс шығаратын зауыт барын білетін боларсың. Ойлана жүр, мен олармен келіссөзге келе аламын. Яғни ол жерден әлдеқайда арзандатылған бағаға сатып алуға мүмкіндік бар, — деді облыс әкімі А.Мұхамбетов мәлімет беруші Н.Жетпісовке. — Кезекті бір ұсынысқа көңіл аудар. Егер көмір келер жылдың алғашқы айларында өндіріле бастаса, неге оның сапасы мен маңызын байқап көрмеске? Биылғы жылу маусымының соңғы айларына қарай жеке нысандарда пешке салып байқаңдар. Көңіл көншіп жатса, мектеп-балабақша және ауруханаларға жеткізуге болады.

Ол күннің де ауылы алыс емес. Өйткені мұнда жұмыс қауырт — жылдың 365 күні вахталық әдіспен жалғасады. Қазір 89 адам еңбек етуде. Оның 45-і — құшмұрындық, қалғандары — көршілес ауылдардан келген адамдар. Орташа жалақы — 100 мың теңге. Жұмысшылар саны алдағы уақытта да арта түспек.

Облыс әкімі Құшмұрын елді мекенінің әлеуметтік жағдайына да назар салды. Әуелі күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан Мәдениет үйіне аялдады. Бұл жұмыстарға аудандық бюджеттен 10 млн. 796 мың теңге, республикалық қазынадан 97 млн. 170 мың теңге бөлінген. Осы айда тапсырылуы тиіс. Өңір басшысы өңі өзгерген ғимаратты сынға алды. "Нысан ескі архитектуралық келбетін жоғалтып алған, өзге заманауи ғимараттардан айырмашылығы қалмаған" деген пікірін айтты.

Осы ауылдағы балабақшаның жөндеу жұмыстарының қарқыны да А.Мұхамбетовтың мініне ілікті. 1-қарашада табысталуы тиіс ны-

сан енді ғана еденделе бастаған.

— Көзге көрініп тұрғандай, бұл жерде әлі жұмыс көп. Қыс болса қыр астында тұр. 2 айда өндіргендерің осы болса, қараша дейін үлгеретіндеріңе кім кепіл? Жұмыстарыңа разы емеспін. Тағы да жұмыскерлер алыңдар. 20-қыркүйекте қосымша қаржы бөлеміз, — деді ол.

Іссапардың таңысқа бір бөлігі — жоспарға алынған қос ауданның егін ору жұмыстарын бақылау-тын. Облыс әкімі "Диевка" ЖШС-нің егін алқабы басында әулиеқолдік ауылшаруашылық тауар өндірушілердің басын қосып, жедел жиын өткізді.

— Бүгін орақ жұмыстарының барысымен танысуға келдім. Қолдағы мәліметше, облыс маусымның бел ортасына таяды, яғни дала жұмыстары 45 пайызға атқарылған. Былтырғымен салыстырғанда, әлдеқайда ілгері келеміз. Әрине, бұл біздің жұмыстың арқасы емес, әуелгі кезекте ауа райы қолайлылығының нәтижесі. Әсіресе, тамыз айы ыстық болды. Бұдан да зор нәтиже күткеніміз жасырын емес. Бірақ, өздеріңіз білесіздер, егіннің көп бөлігін тат басты, өзге де ірілі-ұсақты кедергілер болды. Соған қарамастан, биылғы нәтиже өткен жылғыға қарағанда шүкір дегізеді, — деді А.Мұхамбетов.

Ол наурыздық шаруалармен де науқан жайлы әңгіме өрбітіп, ең әуелі қарыздармен есептесу керектігін ескертті. Өзінің тапсырмасы бойынша биыл мониторингтің өте қатал болатынын айтты.

Наурызым ауданында да жөндеу көріп жатқан нысандар бар. Соның бірі — аудан орталығындағы Жамбыл орта мектебі. Іргетасы қаланғалы көріп тұрған алғашқы күрделі жөндеуі. 137 млн. теңгеден астам қаржы бөлінген, 2 транш бойынша жүз миллионы игеріліпті. Енді 3-транш бойынша тағы қаржы құйылатын

болса, мердігер жұмысты қараша айында аяқтауға уәде беріп отыр. Бірақ қазіргі көрінісі көңіл тойдырмайды. Кабинеттер әлі еденсіз, есік-терезесіз, асхананың нұбайлы орны ғана бар. Жылу жүйелері осы айдың 15-не дейін тартылмақ-мыс.

— Жиырма-ақ пайыз жұмыс істелген. Айтып отырған адамдардың саны да аз, жұмысшыларды 150-ге дейін көбейтіндер. Егер қарқын осы қалпында қалса, ақша бөлінбейді, мердігерді ауыстырамын. Тұңғыш рет жөндеу көріп тұрған соң сапа бақылауда болуы керек, — деп ренішін білдіріп, аудан әкіміне осыған қатысты тапсырмалар жүктеді.

Ал нан және нан өнімдерін өндіретін цехтың маңынан адал еңбек ісі аңқиды. Алма Ғалиева бұл наубайхананы ашу үшін "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы арқылы 11,9 млн. теңге, "Еңбекпен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасы арқылы 5 млн. теңге қаржы несиеге алған. Өз қалтасынан 9,8 млн. теңге қосыпты. Әрі наубайхана, әрі шайхана бүгінде ауылды басты тағаммен қамтамасыз етіп отыр. Өндірістік қуаттылығы — тәулігіне 1434 келі. 1-сұрыпты нанға жылына 200 тоннадан астам ұн кетеді. 7 адамды жұмыспен қамтыған. Орташа айлық — 60 мың теңгеге жуық. Ауыл күнкөрісі үшін тәуір табыс... Дей тұрғанмен, өңір басшысының көзін сүріндірген бір мәселе бар: "Нан бағасын түсіру керек. 60 теңге — астықты аудан үшін, тіпті біздің облыс үшін ұятты баға" деді ол. Сондай-ақ, осы жайтқа қатысты жергілікті шаруалармен меморандум жасалатынын айтты. Яғни әр әлеуетті диқан 40-50 тонна астықтан осы наубайханаға бөлетін болады. Бидай жергілікті диірменде тартылады. Осылайша, нан бағасы мәселесі түбегейлі шешілмекші.

Кәсіпке қолдау

1-бет "Жұлдыздарға қара" жобасы "Даму" кәсіпкерлікті дамыту Қорының" және "Казком" банкінің бірлесуімен жүзеге асырылып келеді. Жоба қаншама жанға демеу болды. Ұтып алған грант арқылы көрегін алып, ісін жалғастыруға жол ашылады. Мүгедек жандарға біздің қоғамда жұмыс табу оңай емес. Бұл бастаманың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдарды жүйелі түрде кәсіпкер ретінде қолдау, мүмкіндігі шектеулі адамдарға үміт сыйлап, жол ашу.

Жобаның тарихына тоқтала кетер болсақ, "Жұлдыздарға қара" жобасы 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді екен. Жоба белсенді, өмірлік позициясы бар мүмкіндіктері шектеулі адамдарды қолдауға бағдарланған. 2005 жылдан бастап өз ісін дамытуға жүздеген адам өтініш берген. Олардың өтініші байқау негізінде "Құс жолы" қоры ұсынған гранттың иелері атанды. Ең белсенді деген адам ойларын сәтті жүзеге асырып, грантқа ие болады.

Қостанай өңірі де грант ұтып алған үш мүгедек кәсіпкерді салтанатты түрде құттықтады. Олардың қатарында Дулат Арыстанбеков, Қуаныш Нурафилов және Нүрия Сайбаталова бар. Олар өздері ұсынған бизнес идеяларын одан әрі дамытуға мүмкіндік алды.

Дулат Арыстанбеков 3-топтағы мүгедек. Есту, сөйлеу



қабілеті бұзылған. Соған қарамастан, көмелетке толмаған екі баласын жалғыз тәрбиелеп отыр. Қабырға блоктарын дайындау арқылы ақша тауып, нәпақасын айырып жүр. Осы істі әрі қарай дамытып, керек құрылғылар мен материалдарды алу үшін оған қаражат қажет. Қаражат алу үшін грантты жеңу керек. "Жұлдыздарға қара" жобасын естіп, мүмкіндікті мүлтік жібермеу үшін ол осы байқауға қатысқан болатын. Комиссия мүшелері ұсынысты қарап, талқылай келе грант беруді қажет деп тапты. Ол 267 100 теңге көлемінде грант ұтып алды.

Ал Нүрия Сайбаталова 2-топтағы мүгедек. Қолынан келетіні – киім тігеді. Грантты ұтсам, тігін машиналарын сатып аламын деп жоспарлайтын. Оның отбасында ақша табу өте қиын. Себебі жолдасы мен ұлы да мүгедек. Ал мүгедек кісілердің жұмысқа орналасып кетуі қиын жағдай. Комиссия мүшелері бұл биз-

нес-жобаны да қарай келе, Нүрияға грант беру керек деп шешті. 286 050 теңге көлемінде қаражатқа ие болды.

Ал арқалықтық кәсіпкер Қуаныш Нурафилов жайында газетімізде бұрын да жазған болатынбыз. Қуанышта 2-топтағы мүгедек. Ол машинаның жай-күйін жақсы меңгеріп алған. Кез келген ақауды тез-ақ жөндеп беретін қабілетінің арқасында кәсібін ашқан еді. Тұрақты клиенттері де жетерлік. Оның ісін әрі қарай дамытуына қаражаттың жоқтығы қолбайлау болды. Сол себепті грант ұту үшін байқауға қатысып, соңында үміті ақталып жеңіп алды. Ол 300000 теңгені иемденді.

Есімдері аталған адамдар – денсаулықтары болмаса да өмірде өз орындарын табуға тырысқан рухы мықты кісілер. Олар біреуге қол созбай, өз бетінше еңбек етіп, кәсіпкер болуға ұмтылып жүр. Бүгінгі қуанышты күнді олар асыға күтіп, демеу көргендеріне риза.

● ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ–2020

Жұмысшы мамандықтары тапшы

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанай қаласында "Жұмыспен қамтудың жол картасы–2020" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында азаматтарға арналған бірыңғай қоғамдық қабылдау күні өтті.

"Нұр Отан" партиясы ҚОФ мұрындық болған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесіне барлығы қырық жұмыс беруші қатысты. Олардың арасында облысымызға белгілі ірі кәсіпорындар бар. Атап айтқанда, "АБЗ плюс" ЖШС, "Гелиос" ЖШС, "Север птица" ЖШС, "Целинная" қонақ үйі, халықаралық "Әуежай" АҚ, "Актив" ЖК, "Астықжан-Қостанай" ЖШС, "Сарыарқа Автопром" ЖШС, "ЕвразКаспианСталь" ЖШС, "АгромашХолдинг" ЖШС, "Агротехмаш" ЖШС. Аталмыш кәсіпорындардың өкілдері қоғамдық қабылдауға қатысып, әрқайсысы бірнеше бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жұмыс іздеп жүрген жастардың бірі – Жанна Трубулова. Ол әлеуметтік-техникалық бағытта білім алып, 2009 жылы оқу бітірген. Мамандығы – бухгалтер. Жоғары оқу орнын аяқтаған соң, Қостанайда кассир болып жұмыс істеген еді. Кейін тұрмысқа шығып, бала күтімімен үйде отырып қалады. Декреттік демалыстан соң тұрақты жұмыс орнын таба алмай жүр.

– Жұмыспен қамту орталығында көптеген бос жұмыс орындары ұсынылған. Орталықтың

бағыттауымен жұмыс берушілермен кездестім. Бірақ, дені еңбек тәжірибесін сұрайды. Аз дегенде бір жылдық еңбек өтілің болуы керек, – деді Жанна Трубулова.

Жұмыссыздардың санын азайту мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар бар. Олар "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020", "Жастар тәжірибесі" деп аталады. Аталған бағдарламалар бойынша Қостанай қаласында биыл 2603 адам жұмысқа орналасқан. Әлеуметтік жұмыс орнына – 225 адам, "Жастар тәжірибесі" бағдарламасы бойынша – 157 адам, қоғамдық жұмысқа – 121 адам тартылды. Ал 1500 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

– Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін бұған дейін де өткізген болатынбыз. Біздің қаламызда құрылысшы, инженер сияқты жұмысшы мамандықтар тапшы. Жұмыспен қамту орталығына келген адамдармен жеке жұмыс істеп, мамандығына сай жұмыс іздейміз, – деді Қостанай қаласы әкімдігі жұмыспен қамту орталығының директоры Ботагөз Мұқанова.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ



Алимент, жалақы қарызы

Қарлығаш
ОСПАНОВА

"100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 27-ші қадамында Президент мемлекеттік сот орындаушылар институтын қысқарту туралы айтқан болатын. Әділет саласына жүктелген осы тапсырма өңірде қалай орындалып жатыр. Бұл туралы Әділет саласының мамандары жиналған басқосуда айтылды.

Әділет саласының қызметкерлері жартыжылдықта атқарылған жұмыстар барысын қорытындылады. Әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бірі – ол алимент қарызы. Сондықтан, жиында алиментті өндіріп алудың жолдары талқыланды. Облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары міндетін атқарушы Т.Қарабековтың айтуынша, ата-аналық парызынан қашқан азаматтарды жауапқа тарту тұрғысында кешенді шаралар атқарылған. Облыс бойынша 16 мыңдай алиментші болса, соның мың жарымға жуығы берешектерін өтемей жүр. Олардың дені жұмыссыздар көрінеді. Ал, дүние-мүлкін туыстарының атына жаздырып, табысын жасырған борышкерлерге қатаң жаза қолданылатын болады. Істің күрделілігіне қарай әкімшілік не қылмыстық жауапқа тартылуы әбден мүмкін. Сала мамандары жұмыстың жоқтығынан алимент төлей алмай жүрген азаматтарды жұмысқа орналастыру мәселесін де қозғады. Жарты жыл ішінде сот орындаушылары 23 алиментшінің жұмысқа орналасуына көмектерін тигізген көрінеді. Бұған қоса, осы мақсатта әділет департаментінің мамандары бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін де ұйымдастырмақ. Сол жерде жұмыс берушілер мен екі қолға бір күрек таба алмай жүрген алиментшілер шақырылатын болады.

Жиында Әділет саласының мамандары жалақы қарызын қысқарту мақсатында қыруар жұмыстардың атқарылғандығын да тілге тиек етті.

– Бірінші тоқсанда біздің мойнымызда барлығы шамамен 17 млн.теңгедей қарыз ақша болды. Біз бүгінгі

таңда соның 15 млн. теңгесін өндіріп алдық, яғни жұмыстың 96 пайызы орындалды. Жылдың аяғына дейін қарызды өндіру бойынша жұмыстарды 100 пайызға толығымен орындайтын боламыз, – дейді Т.Қарабеков.

Сот орындаушыларының көмегімен мемлекет бюджеті биыл 241 млн. теңгемен толықты. Былтырғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 7 пайызға артық. Елбасының бес институционалды реформасында жекеменшік сот орындаушылар институтын дамыту мәселесі көтерілген еді. Бұл өз кезегінде осы саладағы жұмыстың барысын жақсартуға зор ықпалын тигізбек. Ұлт жоспарының 27-ші қадамына сәйкес, жыл соңына дейін облысымызда сот орындаушыларының мемлекеттік қызметі 30 пайызға дейін қысқармақ.

– Жеке сот орындаушылар институты жұмысын бастағаннан бері сот шешімдерінің орындалуы барысында біраз жұмыстар тындырылуда. Жеке сот орындаушыларына барлық атқару құжаттарын беру, соның ішінде алиментті, жалақыны өндіріп алу сияқты әлеуметтік маңызды іс санаттарын орындау бойынша 1000 АЕК, мемлекеттен және мемлекет табысына өндіріп алу құжаттарынан басқа, орындаудың мемлекеттік реформасынан шығуға қажетті алғышарттар туғызады. Осылайша, жеке сот орындаушылары ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап әкімшілік, қылмыстық айыппұлдарды, мемлекеттік баждарды, сондай-ақ, коммуналдық қызметтер пайдасына сомаларды өндірумен айналысуда, – дейді бөлім басшысы Д.Сыздықова.

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

"Айқын тариф" – алдағы мүмкіндіктер

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

"Нұр Отан" партиясының Арқалық қалалық филиалы партияның "Айқын тариф" жобасы аясында "Қостанай оңтүстік электр желісі" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында кездесу өткізді. Оған "Нұр Отан" партиясы қалалық филиалының кеңесшісі Б.Ғабдуллин, қалалық мәслихаттың депутаты, "Қостанай оңтүстік электр желісі" КМК директоры А.Іскендіров, кәсіпорынның техникалық директоры Д.Бұхарбаев, жоспарлау бөлімінің басшысы Ә.Бәлдікова, сарапшылар, БАҚ өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

Кездесу барысында мамандар мен сарапшылар коммуналдық тариф жайында жиналғандарға түсінік берді.

– Коммуналдық қызмет көрсету саласындағы тарифтер әрбір қазақстандықты, әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен табысы төмен адамдарды толғандырмай қоймайды. Тұрғындарды тариф белгілеу процесіндегі анықтықтың жоқтығы алаңдатады. "Айқын тариф" жобасының басты ерекшелігі – ашықтық. Осы орайда "Нұр Отан" партиясының ұйтқы болуымен коммуналдық қызметтердің тариф белгілеу жұмысының ашықтығына бағытталған "Айқын тариф" жобасы іске қосылған болатын. Негізгі мақсат – жеке тұлғалар үшін коммуналдық қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың айқындық деңгейін арттыру және партияның Саяси доктринасындағы мемлекеттік қызметтер сапасының тиімділігін қамтамасыз ету және энергия үнемдеу саясатын насихаттау.

Ендігі кезекте партия коммуналдық қызмет сапасын арттыруға ықпал етпек, – дейді "Нұр Отан" партиясы қалалық филиалының кеңесшісі Берік Ғабдуллин.

Арқалық қаласы.

● ЭКСПО-2017

"ЭКСПО-2017" көрмесіне қатысты қате пікірлердің ондығы жарияланды

"ЭКСПО-2017" көрмесіне қатысты ел ішінде алып-қашпа әңгімелердің гулеп тұрғаны жасырын емес. 2017 жылдың ең маңызды көрмесіне қатысты қазақстандықтардың көзқарасын анықтауды жөн көрген мамандар қауесетке арқау болған он сұрақты анықтап шығарды. "ЭКСПО-2017" көрмесін халықаралық деңгейдегі ойын-сауық шоуы деп бағалаған отандастарымыздың күмәнді ойын-сөйлтуді жөн көргендер сұрақтарды анықтап қана қоймай, оған дұрыс жауаптарды да беруге тырысқан. Оқырман назарына келер жылдың ең маңызды көрмесіне қатысты "жалған көзқарас пен нақты мүмкіндіктер" жайындағы ақпаратты ұсынамыз.



Алдағы көрмеге әзірлік бастады



Астанада ЭКСПО-2017 еріктілер қызметінің қатысушыларын дайындау бойынша бағдарлама басталды. Тыңдаушылардың бірінші тобы қақтығысты жағдайларды шешу бойынша тренингтен өтті. Астаналық еріктілермен бірге астанада супервайзерлер оқудан өтті, олар өз тәжірибесімен өңірлердегі еріптестерімен бөлісуі тиіс.

Көрме аумағында адами ағынды басқаратын еріктілер инфрақұрылым объектілері мен элементтерінің орналасу орны туралы келушілердің хабардарлығын қамтамасыз етуі тиіс, басқалары – келушілерді билеттендіру; жеке заттар жоғалған жағдайда көмек көрсетуге және іздестіру бюросымен ынтымақтасу; медпунктердің қызметкерлеріне көмек көрсетуге және көрме еріптестері мен демеушілерімен бірге жүруге жауап береді. Көлік-еріктілер кешен тұрақтарында автомашиналардың ағынын реттейді, көліктің уақытылы ұсынылуын және көрме келушілері мен қатысушылары бағытын қамтамасыз етеді. Ресми делегациялардың мүшелерін қабылдауға жәрдемдеседі. Баспасөз-Еріктілер құрылымы баспасөз орталығының және журналистердің ақ-

кредиттеу жұмысына көмектесуге бағытталады.

Бүгінгі күні 3000 ерікті іріктелді, олардың көбісі ЖОО-ның студенттері болып табылады. Алдағы көрмеге барлығы 4500 көмекші тарту жоспарлануда, олардың негізгі бөлігі өңірлер мен Алматы қ. келеді. ЭКСПО-2017 еріктісі болуға ниет білдірушілер көрме Ұйымдастырушысының expo2017astana.com сайтында сауалнама толтыра алады.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне дайындық Елордада ғана емес, өңірлерде де қарқынды қолға алынған. Мәселен, Қостанай облысынан айтулы шараға жүз адамды жіберу жоспарланып отыр. Осы мақсатта, облыс орталығындағы колледждер мен жоғары оқу орындарының өкілдері үшін алғашқы оқыту семинары ұйымдастырылды. Жобаны жүзеге асырушылардың айтуынша, еріктілерді іріктеу талаптары қатаң. Үміткер зерек әрі сауатты, өз елінің тарихын жақсы білуі керек. Халықаралық көрмеге қатысуға ниетті көз көлген жас арнайы сауалнаманы толтырып, бағын сынап алады.

Шараға қатысатын 100 адам қыркүйек айының соңына дейін толықтай іріктеліп алынбақ. Осыдан кейін олар тіл білімі, Қазақстан тарихы, төтенше жағдай саласы, медициналық алғашқы жәрдем жасау іспетті түрлі бағыттағы оқыту курстарынан өтеді. Емтихан тапсырып, сертификат алғаннан кейін ғана көрмеге қатысу құқығына ие болады. Көрме жұмысына қатысушыларға ақы төленбейтінін айта кеткен жөн. Тек, жатын орын және тамақпен қамтылатын болады.



ЭКСПО-2017 ТУРАЛЫ КЕҢ ТАРАЛҒАН ҚАТЕ ПІКІРЛЕРДІҢ ОНДЫҒЫ

ЖАЛҒАН КӨЗҚАРАС ЭКСПО – бұл тек халықаралық деңгейдегі ойын-сауық шоу ЭКСПО – бұл тек қазақстандық өнертапқыштардың жетістіктері көрсетілетін көрме Қазақстанда шетелдіктер өздерінің үздік «жасыл» технологияларын көрсететін іс-шара Көрмені өткізу Қазақстан экономикасына оңтайлы емес Жетекші елдер мен ірі демеушілер тарапынан қызығушылық жоқ Қазақстан ылыс орналасқандықтан көрме Еуропа және Америка елдеріндегі шетел туристерін қызықтырмайды Көрме құны билеттерді және кәдесыйларды сату есебінен өтелуі тиіс ЭКСПО-2017-ны өткізу тек Астана үшін тиімді ЭКСПО-2017 тақырыбы Қазақстан үшін өзекті емес ЭКСПО-2017 «жасыл» технология саласындағы жетекші компаниялардың қызығушылығын тудырмайды	НАҚТЫ МҮМКІНДІКТЕР 1 ЭКСПО-2017 – бұл баламалы энергетика саласындағы «жасыл» технологиялар мен жетістіктер көрсетілетін Халықаралық көрме. Көрме аясында 20-дан астам ірі тақырыптық және іскерлік шаралар, форумдар және конференциялар өткізіледі: • БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссия конференциясы (БҰҰ ЕЭК) • «Тұрақты даму үшін энергетика 2017» форумы • Бүкіләлемдік инженерлер және ғалымдар конгресі • Азиялық радиациялық зерттеулер бойынша конгресс • «Global e-Government Forum» • Астана экономикалық форумы • Климаттың өзгеруі саласындағы көшбасшылар форумы • «Astana Invest 2017» инвестициялық форумы және басқалары 2 ЭКСПО – бұл баламалы энергия көздерін пайдалануда әлемнің ең мықты жетістіктері көрсетілетін алаң. Үздік тәжірибелер аймағында қоғамның әртүрлі салаларында іске асырылған бүкіләлемдік технологиялар мен жобалар көрсетіледі. ЖЭК енгізу бойынша көшбасшы елдер: Қытай, Ұлыбритания, Франция, Коста Рика және басқалары өз ноу-хауларымен бөліседі. 3 ЭКСПО-2017 көрмелердің тарихи миссиясын жаңғыртады, яғни технология саласындағы әлемдік жетістіктерді көрсететін болады. Қатысушы елдер тек Қазақстанмен ғана емес, бүкіл әлеммен тәжірибесімен бөліседі. ЭКСПО-дан кейінгі зияткерлік және технологиялық багаж «жасыл» энергетиканы дамыту бойынша Халықаралық түйіннің Қазақстан аумағында құрылуы үшін қорға айналады. 4 ЭКСПО-2017 көрмесін отандық кәсіпорындарды тапсырыстармен қамтамасыз ететін дағдарысқа қарсы жоба ретінде қарастыруға болады. Көрмеге дайындық барысында әлемде кешенді инфрақұрылымдық және инженерлік-коммуникациялық оңтайландыру орын алуда. ЭКСПО ішкі және сыртқы туризмді дамытады. Трансұлттық компаниялар ықпалымен көрмені өткізу ҚР экономикасының жаңа салаларын қалыптастыруы мүмкін. ЭКСПО-ны өткізу қызмет көрсету саласын халықаралық стандарттарға сай болуына ықпал етеді. ЭКСПО Қазақстанда «жасыл» энергетиканың әлемдік орталығына айналуы үшін барлық алғышарттарды құрады. 5 ЭКСПО-ға қатысатынын 81 ел және 14 халықаралық ұйым растады. Соның ішінде әлемдік державалар - альтернативтік энергетика саласындағы көшбасшылар: Германия, Ұлыбритания, Франция, Қытай мен басқалар. Бүгінгі күні 93,3 млн еуро демеушілік көмек туралы келісімшарттар жасалған. Әлемдік аты бар демеуші компаниялар ішінде: CISCO, SAMSUNG, Shell, SIEMENS, DHL, SHEVRON, COCA-COLA және басқалары бар 6 ЭКСПО-2017 көрмесінде 2 миллион турист пен 5 миллион келуші болады деп күтілуде. Олардың 85% - ол қазақстандықтар және 15 % шетел қонақтары. Бастысы, Қазақстан саяхаттанушылар көп ең белсенді үштікке кіретін Ресей мен Қытай елдерімен шекаралас. Сондықтан аталмыш елдерге басымдық танытылуда. Сондай-ақ, келушілердің жоғары үлесі Оңтүстік-Шығыс Азия мен Еуропадан күтілуде. 7 ЭКСПО сауда кәсіпорны емес. Көрменің міндеті - ел экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер жасау. Көрме өткізу арқасында жаңа технологиялар мен инновацияларға байланысты жаңа салалар пайда болады. Сонымен қатар, экономиканың құрылыс, туризм, қызмет көрсету, көлік сияқты дәстүрлі секторларына әсер етеді. 8 Дағдарыс кезеңінде ЭКСПО отандық тауар өндірушілерді қолдады. Келісімшарттар мен меморандумдар шеңберінде ЭКСПО-ға 14 облыс және Астана мен Алматы қ. 254 қазақстандық кәсіпорындары тауарлар мен қызметтерді жеткізді. Тапсырыстардың жалпы сомасы 33,7 млрд. теңгеге бағаланады. Жалпы, нақты Көрме территориясында және отандық компаниялар – тауар өндірушілерде 16 750 жұмыс орны ашылған. 9 ЭКСПО-2017 көрмесінің «Болашақ энергиясы» тақырыбы мұнай өндіруші ел ретінде Қазақстан үшін өзекті. Көмірсутектер және олардан түсетін пайда алдын-ала болжау рөлін атқаруды тоқтатуда. 2015 жылдың соңына қарай әлемде «жасыл» технологияға 270 млрд доллар жұмсалды және 2050 жылға қарай электр энергиясының 15-50% баламалы энергетика көздерінен алу міндеті қойылды. Ірі бизнес инвестициялары ЖЭК саласына кетуде. 10 Бүгінгі таңда бірқатар келіссөздер жүргізілуде. Халықаралық компаниялар мен ұйымдар тарапынан айтарлықтай қызығушылық бар, олар: Google, CISCO, SAMSUNG, Clean Tech Finland фин компаниялары бірлестігі, «GreenTech» Малайзия зерттеу орталығы, бельгиялық «Green win» және тағы басқалары.
---	--

Топтаманы әзірлеген Ж.КӘКІМЖАНОВ.

"Кселл" мен Ericsson Қазақстанда LTE желісін іске қосты

"Кселл" Қазақстанда 4G/LTE желісінің іске қосылғаны туралы хабарлайды. Жоба ең үздік LTE технологияларымен, қызметтерімен жабдықтаушылардың бірі "Ericsson" компаниясымен (NASDAQ: ERIC) серіктестікте жүзеге асырылуда. Төртінші буын қызметін алғашқы болып Алматы, Атырау, Ақтау, Шымкент, сонымен қатар 4G/LTE желісін бірлесіп пайдалану туралы Beeline Қазақстанмен келісім аясында Астана, Қарағанды, Жезқазған, Қостанай, Өскемен, Бұрабай, Павлодар, Семей, Сәтпаев секілді 9 қала абоненттері пайдалана алады.

"Кселл" компаниясы әлемдегі ең үздік LTE технологияларымен және қызметтерімен жабдықтаушы ұйымдардың бірі "Ericsson" компаниясының жабдықтаушы негізінде құралған ең соңғы үлгідегі заманауи мультитехнологиялық желіні пайдалана отырып 4G/LTE-ні іске қосты.

"Ericsson мен Kcell Қазақстанға елді мобильді кеңжақты желімен қамту аймағын кеңейтетін және қатары күн өткен сайын көбейе түсетін абоненттерге жылдам әрі сенімді Интернетті пайдалану мүмкіндігін беретін ең жаңа LTE технологияларын әкеліп отыр. Бұл Kcell клиенттеріне қызметтің үздік сапасының рахатын көріп, технологиялар біріктірілген қоғамдағы жаңа мүмкіндіктердің әлеуетін байқап көруге жол ашады. Жоба – ұзақ уақыттан бері жалғасып келе жатқан Kcell мен Ericsson серіктестігі тарихындағы ең маңызды оқиға. Біз Kcell-дің Қазақстанның мобильді саласын ары қарайғы дамытуындағы іс-әрекетіне қолдау білдіре аламыз деген сенімдеміз", – деп пікір білдірді Ericsson компаниясының Солтүстік Еуропа және Орталық Азия аймағындағы Басшысы Питер Лорин.

4G/LTE желісі 100 Мбит/сек көрсеткішіне дейінгі ең жоғарғы жылдамдықты қамтамасыз ете алады. Компания 2016 жылдың соңына дейін бірлескен желімен Қазақстан халқының 30%-ын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Жекелей алғанда бұл LTE желісін дамыту туралы екі оператордың бірлескен келісіміне кіретін 13 қаланы қамту арқылы да жүзеге асатын болады.

"Сауда орталықтарындағы пилоттық LTE аймақтарымыз ашылғалы бері 200 мыңнан ас-



там абонент 4G интернетімізді тестілеп көрді. Қазір компаниямыздың абоненттерінің 25%-дан көбі 4G/LTE қолдайтын смартфондарды пайдаланады. Сондықтан біз төртінші буын желісін LTE-құрылғылар ең көп таралған аймақтарда іске қосып отырмыз. Бұл абоненттеріміз қолданатын гаджеттердің жалпы санының шамамен 20-25%-на тең", – деп атап өтті "Кселл" АҚ бас атқарушы директоры Арти Отс.

Төртінші буын желісі 800 МГц және 1800 МГц жиілік диапазонында жұмыс істейтіндіктен, ғимараттар ішіндегі сигнал қабылдау бұрынғыға қарағанда тұрақтала түседі, бұл мобильді интернет сапасын айтарлықтай арттырады. Ал елдегі ең ірі мегаполис – Алматы тұрғындары мәліметтер жеткізу жылдамдығын 100 Мбит/сек дейін жеткізе алатын LTE Advanced желісін пайдалана алатын болады.

"Кселл" клиенттерінің өмірін барынша жайлы етіп, оларды ең жоғарғы әлемдік стандарт-

тарға сай сервиспен қамтамасыз етуге тырысады. 4G/LTE желісінің іске қосылуы абоненттерімізге барынша аз уақыт ішінде үлкен көлемдегі ақпаратпен жылдам алмасуға мүмкіндік береді", – деді Арти Отс.

Kcell және актив абоненттеріне ыңғайлы болуы үшін бүкіл Қазақстан бойынша заманауи Kcell Store және Kcell Center дүкендері жұмыс істейді. Аталған дүкендерден келісім-шарт негізінде де, толық баға бойынша да қолданушылар үшін қолжетімді 4G/LTE-девайстар алуға болады. Кәсіби кеңесшілер төртінші буын желісінің барлық мүмкіндіктерін барынша ыңғайлы жолмен пайдалануға мүмкіндік беретін тарифті және құрылғыны таңдауда көмекке келеді.

Смартфонның және SIM-картаның 4G/LTE желісін қолдайтын білу үшін абонентке *256#USSD командасын теру керек. Қажетті ақпарат жауап хабарлама түрінде келеді.

● САНДЫҚ ТВ

Қызмет сапасы құнына әсер етті

Жұматай
КӘКІМЖАНОВ

ОТАУ TV

"Қазтелерадио" АҚ "ОТАУ TV" жерсеріктік телевизия қызметінің "Толық" арналар топтамасы үшін абоненттік төлем құнын 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап көтеру туралы хабарлады. Бұл неге байланысты және құн қаншалықты өзгереді, осы мәселеге байланысты облыстық филиал директоры Бахыт Төлеков түсініктеме берді.

ОТАУ TV жерсеріктік телевизиясының қызметі ақылы және ақысыз негізде көрсетілетінін атап өткен жөн. 55 қазақстандық теле, радиоарналар негізгі топтамада, абоненттер мұны ақысыз тамашалай алады, ал шетелдік арналарды көргісі келетіндер үшін құрамына 60-тан астам шетелдік арналар кіретін "Толық" топтамасы ұсынылған. Оның құны бұрын 2000 теңгені құрайтын, ал 1 қыркүйектен бастап ол 2500 теңгеге жоғарылады. Қызмет құнын көтерудің бірқатар себептері бар, негізгілердің бірі – бұл төлемақысы шетелдік валютада жүзеге асырылатын шетелдік арналардың контент құны, сондай-ақ іргелес елдердің құқықтық мәртебесі ескерілген.

ОТАУ TV іске қосылған 5 жылда абоненттік төлем құны бірінші рет көтерілуде. Ұзақ уақыт бойы абоненттік төлем құнын ұстай отырып және ұсынылып отырған контенттің сапасын еш нашарлатпай, компания отбасының барлық мүшелеріне арналған топтама құрамын әйгілі, қызықты телеарналармен толықтыру үшін жұмыс атқарды. Сонымен қатар, жерсеріктік сигналдың Қазақстан аумағының 100% қамтуы және барлық тұрғындардың қалтасын қырмай, аба-

ненттік төлемді 20% аспайтын мөлшерге көбейту шешімі қабылданыпты.

Филиал басшысының айтуынша, тұтынушылардың басым бөлігі көгілдір экранда көретін контенттің барлығы да "Қазтелерадио" туындысы деп есептейтін көрінеді. Бұл ретте "Қазтелерадио" АҚ өзі бағдарламалар мен кинофильмдерді жасайтын телеарна болып табылмайтынын, көрермендер үшін сурет пен дыбысты жеткізу міндеттерін орындайтын, провайдер қызметін атқаратынын атап өтті.

"Бұл шара мәжбүрлі, біз негізін қалағаннан бері бірінші рет абоненттік төлемді көтерудеміз. Kazsat-3 жерсерігіне хабар таратуға көшіруді есепке ала отырып, біз жылдың соңында HD-арналардан жаңа топтаманы тұтынушыларға ұсынуды жоспарлаудамыз. Біз қызықты, танымдық телебағдарламалары, сериалдары, мультфильмдері, ғылыми құжатталған фильмдері және т.б. бар телеарналарды ұсына отырып, біздің тұтынушының бізбен бірге қалуы үшін шараларды күнделікті өткіземіз" – дейді Бахыт Төлеков.

"Қазтелерадио" АҚ абоненттер үшін әрқашан акциялар, ұтыстарды өткізетінін айта кеткен жөн. Мәселен, қазіргі уақытта 3, 6 немесе 12 айға ақылы топтамаға қосылу барысында абоненттерде басты жұлде – автокөлік ұтып алу және құнды жүлделердің ұтысына қатыса алды. Акция осы жылдың қыркүйегінде аяқталды. Шара қорытындысы БАҚ және компанияның ресми ресурстарында жарияланатын болады.

Ауылдағы той

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Қостанай облысының 80 жылдығына орай "Айналдым еркін елімнен!" деген атаумен Веселоподол ауылдық округінде мерекелік шара өтті.

округтерінің депутаты Хадия Шарафеева сөз алып, ол да ауылдықтарға жүрекжарды лебізін жеткізді. Одан соң Веселоподол ауылдық округінің әкімі Жақсылық Мейрембаев ортаға шығып, өз құттықтауын жолдады. Жақсылық Жұмадиұлы "Үздік аула" иегеріне өз қаражатынан 10.000 теңге көлемінде ақшалай сый-

лық Мейрембаев ортаға шығып, өз құттықтауын жолдады. Жақсылық Жұмадиұлы "Үздік аула" иегеріне өз қаражатынан 10.000 теңге көлемінде ақшалай сый-



лық пен мадақтама қағазын берді. Оны Ананьев негізгі мектебі иеленді. Сондай-ақ, әкім ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан қомақты үлесі және көп жылғы еңбегі үшін бір топ адамды мадақтама қағазымен марапаттады.

Сонымен қатар, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрайымы Светлана Горюха сөз сөйлеп, "Нан" деп аталатын өз өлеңін нақышына келтіре оқып берді. Ол да аудандық спартакиадада белсенділік танытқан спортшыларға грамоталар табыстады.

Құттықтаулардан кейін мей-

рамның ең негізгі бөлігі басталды. Ол 4 бөліктен тұрды. Алғашқысы – "Тың игеру" деп аталды. Оның өкілдері сол кездегі тынымсыз еңбекті, қауырт жағдайды қойылым арқылы көрсетіп, өз өнерлерін паш етті. Екіншісі "СССР" делініп, оған қатысушылар сахнаға шығып, өздерін таныстырды. Ал, үшіншісі – "Тәуелсіз Қазақстан" деп ұрандады. Аты айтып тұрғандай, бұл топтың қатысушылары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бейнесін сомдап, дамыған жарқын ел екенімізді көрініс арқылы танытты.



Руслан
ӘЛКЕЕВ

Мектеп маңы безендіріліп, киіз үй, сахна, өнер көрмесімен көмкерілді. Мерекенің нышаны – жалаулар желбіреп тұрды. Ауылдық округ әкімі Жақсылық Мейрембаев бастап, қатысушылар қостап, мерекелік шеруге шықты.

Көптен күткен мерекелік той қазақ халқының дәстүрі – шашумен ашылды. Аудан әкімінің орынбасары Ілияс Насыров сөз сөйлеп, жиналған қауымды құттықтады. Ауылдың шаруа қожалықтары басшыларына грамота табыс етті. Содан кейін, Веселоподол мен Лесной ауылдық

● АЙМАҚ

**Талғат КАРБОЗОВ:**

Аманкелді ауданы әкімінің орынбасары

Егін орағын ойдағыдай аяқтаймыз

Биылғы егін орағы Аманкелді ауданында нәтижелі өтуде. Осыған орай біздің тілшіміз аудан әкімінің орынбасары Талғат Тойшыбекұлы Карбозовқа жолығып, аталмыш науқанның қалай жүріп жатқанын білген еді.

**Хамитбек
МҰСАБАЕВ****– Талғат Тойшыбекұлы, биылғы егін науқаны қалай өтті?**

2016 жылы 105 266 га жерге ауыл шаруашылығы дақылдары оңтайлы мерзімдерде себілді. Оның ішінде 101 474 га жерге дөңді-дақылдар (98374 га бидай, 2700 га арпа және 400 га сұлы), 3 467 га жерге бір жылдық шөптер, 133 га жерге астық тұқымдас көп жылдық шөптер, 64,5 га жерге картоп, 67,5 гектарға көкөністер және 60,0 гектарға бақша дақылдары егілді.

Биылғы жылы 48 400 гектар егістерде арам шөптерге және 73250 га жерде үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық күрес жүргіздік. Шаруашылықтар 156 429 927 теңгенің гербицидтерін сатып алды. Оларға жалпы көлемі 78 174 003 теңге субсидия есептеліп, тамыздың 16-на сәйкес түгелдей дерлік шаруашылықтардың есепшоттарына аударылды. Қалған бірекі шаруашылықтың сомалары таяудағы күндері аударылады. Биылғы жылдан бастап қай елде өндірілгеніне қарамастан сатып алынатын гербицидтердің құнының 50 пайызы көлемінде субсидия төленетін болып шешілгені химиялық күрес жүргізу көлемінің артуына басты себеп болды деп есептейміз.

Мамандардың алдын-ала есептері бойынша биылғы жылы дөңді-дақылдардың орташа шығымы гектарына 10-11 центнерден келеді деп күтілуде. Егіннің шығымы өсіресе, Қарысалды ауылдық округі мен Ақсай ауылында жоғары. Соңғы күндердегі аптап ыстық ауа райы егіннің пісіп жетілуін тездетіп, орақты жалпай бастап кеттік.

Бидай дақылы бойынша бұдан бұрында хабарланып, айтылғандай Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің 2014 жылғы 23 мамырдағы № 1-1/277 бұйрығымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы өнімінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылған схемасына" сәйкес Аманкелді және Жанкелдин аудандары бойынша мамандандырылған дақыл түріне жатпайды. Сондықтан ережеге өзгеріс енгізілмесе, бұл дақылға біздің аудан шаруашылықтарына субсидия төленбейді. Аталған бұйрыққа өзгерістер енгізуді сұрап, аудан әкімі тарапынан облыс басшылығына бірнеше мәрте қатынас жазылды. Облыс басшылығы Ауыл шаруашылығы Министрлігіне бірнеше рет ұсыныстар жасады. Нәтижесінде ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары Қ.Айтуғановтан осы жылдың 8 тамызы күні мәселенің оң шешімін табатынын, аталмыш бұйрыққа өзгерістер енгізілетіні жөнінде қатынас қағаз келді. Бұйрық өзгеріссіз қал-

ған жағдайда 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап бидай дақылы егістеріне қолданылатын гербицидтерді субсидиялауға жалпы бидай дақылына төленетін субсидияларды ала алмас едік. Биылғы жылы аудан шаруашылықтары бидай дақылының 441 тонна бірінші репродукциялы тұқымын сатып алды, бірақ жоғарыда айтылған себепке байланысты субсидия ала-алмай отыр.

– Өнім молшылығын жасауға байланысты қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Астық шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу – жоғары сапалы тұқым қорын жасамай мүмкін емес. Дөңді-дақылдар егісіне келер жылға қажет 10031 тонна тұқым дайындалуы керек. 2015 жылы егілген 10031 тонна тұқымның 441 тоннасы бірінші репродукцияға, 640 тоннасы екінші репродукцияға, 1220 тоннасы – үшінші репродукцияға, 690 тоннасы – төртінші репродукцияға, 4465 тоннасы – бесінші репродукцияға жатқызылған. Яғни себілген тұқымның 2301 тоннасы ғана 1-3 репродукциялық. Оның ішінде "Жеңіс-Бек", "Казаргофум", "Табыс", "Амангелді жолы" серіктестіктері мен "Ильяс", "Рахымбек", "Шерхан", "Длеба", "Серік" ш/к бірінші репродукциялы тұқым сатып алса, бытырғы жылы "Асылжан", "Дамира" және "Аниса" ш/к бірінші репродукциялық тұқымдар сатып алып екті. Былайша айтқанда, 2-3 репродукциялық тұқым дайындауға осы шаруашылықтың ғана мүмкіндігі бар. Қалған шаруашылықтардың дайындайтын тұқымдары 4-5 репродукцияға немесе қатардағы тұқымға жататын болады. Шаруашылықтарға бұл жөнінде жылда ескертіледі бірақ қорытынды шығарылмайды.

2016 жылдан бастап басымды ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар тек үшінші репродукциядан төмен емес тұқым еккен, облыстың атқарушы билігі бекіткен нормаларға сәйкес бірінші репродукциялық тұқымдар сатып алған шаруашылықтарға ғана төленетінін ескерсек, тұқым жаңарту мен сұрып айырбастауға тиісті дәрежеде көңіл бөлуіміз керек. Барлық егіс көлемінің кемінде 5 пайызы элиталық және 1 репродукциялық тұқымдармен және қалған көлемін 2-3 репродукциялық тұқымдармен себуге қол жеткізуіміз керек. Ол үшін элиталық және 1 репродукциялық тұқымдарды сатып алу көлемін ұлғайтуымыз керек. Қазірден бастап тұқым шаруашылықтарымен хабарласып, алдын ала келісім шарттарға отыру қажет. Қанша тонна тұқымды өзіміз құйып аламыз, қанша тоннасын сатып алатынымызды анықтау үшін шаруашылықтар тез арада аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы

бөліміне мәліметтерін берулері керек. Құйылып алынатын тұқымдардың барлық көлемнен сынамалар алынып өңгіштігін (всхожесть) анықтау үшін науқан аяқталысымен сараптамаға тапсырылуы керек. Сіздердің берген нақты мәліметтеріңізге сәйкес 045 бағдарлама бойынша тұқымдарды өңгіштік пен толық сараптамадан тегін өткізуге қаражат қаралатын болады. Мәлімет дұрыс берілмей, қаржы жетпей қалған жағдайда тұқым шаруашылық есебінен тексеріледі. Осы жерде айта кететін мәселе ауданымызда "ЖеңісБек" немесе "Нұрай-Н" серіктестіктерінің бірінің негізінде тұқым өндірумен айналысуды жолға қоятын боламыз. Бұл – соңғы жылдары ұдайы көтеріліп келе жатқанымен, шешімін таппай отыр. Себебі алдыңғы қатарлы осы шаруашылықтардың өзінде ауыспалы егіс жүйесі енгізілмеген, тұқым шаруашылығы статусын алу үшін қойылатын талаптарға сәйкес келмейді. Алдағы 1-2 жыл көлемінде осы бағытта жұмыс жасап мәселені түбегейлі шешуіміз қажет.

– Алынған өнімді сақтайтын қоймалар салудың барысы қалай?

– Аудан шаруашылықтарында жалпы сыйымдылығы – 24000 тонна астық қоймалары бар. Бұл – өндірілетін астықтың 25 пайызын ғана қамтиды. Астық өндірумен айналысатын ірілі-ұсақты 70 шаруашылық бар леп есептесек қоймалар тек 10 шаруашылықта ғана бар. Алдағы уақытта осы мәселеге көңіл аударып, астық қоймаларын салуымыз керек. Өзімізде астық қоймалары болмағандықтан ауа райының әр түрлі құбылыстарынан туындайтын қиындықтарға дайын болуымыз керек.

Ауданның картофель, көкөніс пен бақша дақылдарын өсірушілерінің алдында да үлкен міндеттер тұр. Жаңадан іске қосылғалы отырған "Досжан" ЖК-нің 500 тонналық картофель және "Шегет" ш/к 3000 тонналық көкөніс сақтау қоймаларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып осы дақылдарды өсіру көлемін нақты арттырып, аудан халқын негізінен өз өнімдерімізбен қамтамасыз етуге қол жеткізуіміз керек.

– Егін жинау және оның шығымдылығы қалай болып тұр?

– Жаман емес, көңіл қуантады. Ауданымызда егінді сапалы жинайтын жаңа комбайндар сатып алу жұмысы жылдан-жылға артып келеді. Жалпы егін шаруашылығымен айналысатын округтерде барлығы 162 дана комбайндар, оның ішінде 14 дана "Джон Дир", 21 дана "Вектор", 7 дана "Есиль", 9 дана "Дон 1500" сияқты өнімділігі жоғары комбайндар бар, барлығы 51 дана немесе қолда бар комбайндардың 32 пайызын құрайды. 270 дана трактор, үлкен сыйымдылықты 116 дана трактор тіркемелері, 86 дана жүк тасымалдау көліктері, оның ішінде 70 дана

Камаз автокөліктері тіркемелерімен. Аудан шаруашылықтарында машина-трактор паркін жаңалау бағытында біршама жұмыстар атқарылды. 2012-2015 жылдар аралығында шаруашылықтар жаңадан әр түрлі модификациядағы 41 МТЗ Беларусь тракторларын, 13 дана К-744 тракторлары, 10 дана "Кузбасс" 12,2 себу көшені, 31 дана астық комбайндарын сатып алды. Биылғы жыл басталғаннан бері бұл үрдіс жалғасын тауып аудан бойынша 12 дана әр түрлі модификациялы Беларусь тракторлары, 1 дана К-744 тракторы, 2 дана улағыштар (опрыскиватели), 3 дана жаткалар, 7 дана орақ, 4 дана рулондық пресс, 1 дана соқа (плуг), 5 дана трактор тіркемелері, 3 дана КУН сатылып алынды. Бұлардың бәрі қазір жұмыс істеуде.

Күзгі дала жұмыстарын жүргізуге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан 1613 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Арзандатылған бағамен (литрі 96 теңгеден аспайды) босатылатын дизель отынын операторлар ("БЕСТАУ-777" ЖШС-і – 500 тонна, "ҚазМұнайГаз Өнімдері" ЖШС-нен – 613 тонна және "Қостанай Мұнай Өнімдері" ЖШС-нен 500 тонна), "БЕСТАУ-777" ЖШС-і мен "ҚазМұнайГаз Өнімдері" ЖШС Аркалық қаласындағы "Иволга-Холдинг" ЖШС-нің базасынан босатуда. Шаруашылықтарға тегіс хабарланды. "ҚазМұнайГаз Өнімдері" ЖШС-мен бүгінге текті 338,0 тоннаға шартқа отырды, 117,3 тоннасының ақшасы төленді, тасылғаны 28,5 тонна ғана. "БЕСТАУ – 777" ЖШС-і мен 108 тоннаға шартқа отырды, 52,0 тоннасының ақшасы төленді, 68,5 тоннаға шартқа отырды, 38,4 тасылп алынды, "Қостанай Мұнай Өнімдері" ЖШС бойынша 302,8 тоннаға шартқа отырылды, 145,5 тоннаға ақша төленіп, 40,1 тонна тасылп алынды. Жалпы аудан бойынша 748,8 тоннаға шартқа отырылса, 315,1 тоннасының ақшасы төленіп, оның 107,0 тоннасы тасылп алынды.

– Дихандарымыз уәделерінде тұрып, әзірге әр гектар жерден орта есеппен 9,9 центнерден алтын дән жинауда. Егіннің әлі үштен екісі бар. Олардың шығымдылығы жақсы. Демек, әр гектар жерден 10 центнерден астық жинауға мүмкіндік мол деп білеміз. Нақты нәтиже науқан аяқталғанда белгілі болады ғой. Жалпы алғанда батыр атындағы аудан дихандары биыл да уәделерінде тұрып, өздері белгілеген жоспарды толық орындап шығады деген сенімдеміз.


– Әңгімеңізге рахмет! Белгіленген мекені орындап шығуларыңызға тілектеспіз.

Аманкелді ауданы.

СУРЕТТЕ: аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозов.

Суретті түсірген автор.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ



Өткен жылы Елбасы "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заңға қол қойған болатын. Міне, осыған орай енді келер жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілмек. Жаңа жүйенің артықшылығы неде? Осыған дейін бірталай әңгімеге арқау

болған сақтандырудың осы түрі туралы біз де білікті дәрігер ретінде медицина ғылымының кандидаты, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі, облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері Фазылбек Темірхановтан сұрап білген едік.



ЖАҢА ЖҮЙЕ – адам денсаулығының кепілі

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

– Фазылбек Сәбитбекұлы, 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілгелі отырған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың қазірден бастау алғаны белгілі. Жалпы, білікті дәрігер ретінде кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын бұл жүйенің артықшылығы неде деп ойлайсыз?

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры келер жылдан бастап өз жұмысын бастайтын болады. Елбасының "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының сексенінші қадамында айтылған жаңа жүйе туралы, оның тұрғындарға және денсаулық сақтау саласына тигізетін пайдасы туралы ең әуелі өңірдегі барлық медицина ұйымдарының ұжымына түсіндірілді. Министрліктен келген арнайы өкілдің қатысуымен кеңейтілген мәжіліс те өткізілді. Енді тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қолға алынбақ.

Жалпы, әлемде денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың екі жүйесі бар. Бірі тегін, яғни сырқаттың еміне қаражатты мөлшерлі көлемде үкімет төлейді, ал екіншісі – медициналық сақтандыру болып табылады. Бұл жерде жұмыс берушілер мен жеке азаматтар өздері сақтандыру қорына қаражат жинайды. Мәселен, Германия, Франция, Швейцария, Бельгия сияқты әлемнің іргелі елдерінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі өте жақсы дамыған. Сондықтан да болар, бұл елдердің халқы өз денсаулықтарына аса жауапкершілікпен қарайды, ауырмаудың алдын алуға тырысады. Дамыған елдерде адамдардың өмір сүру ұзақтығы 75, тіпті 80 жасқа дейін жетеді. Ал, біздегі көрсеткіш 72 жас. Өйткені, біздің елдің тұрғындарының өз денсаулығына немқұрайлы қарайтыны жасырын емес. Елімізде қолға алынған тегін скринингтік тексерістің өзі осы сөзімізге дәлел бола алады, себебі дәрігерлердің өздері халықты тегін қаралуға әрең көндіретін. Міне, енді жаңа жүйе қолданысқа енсе халық та өз денсаулығын күтіп, ауырмаудың жолын ойлайтын болады. Елімізде енгізілгелі отырған жаңа жүйе осы шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып әзірленген. Бұл жүйе кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Азаматтарға медициналық қызметтің екі түрлі пакеті ұсынылмақ. Біріншісі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын базалық пакет. Екіншісі – сақтандыру пакеті. Алғашқысы бойынша жедел-жәрдем қызметі, санавиация, профилактикалық екепелер, төтенше жағдайлардағы медициналық қызмет тегін көрсетіледі. Ал, екіншісі – сақтандыру қоры арқылы алғашқы медициналық көмек, амбулаторлық және стационарлық көмек тегін көрсетіледі. Сондай-ақ, дәрі-

Медициналық сақтандыру тұңғыш рет 1871 жылы Алманияда әлеуметтік сақтандыру жүйесі ретінде енгізілген. Ал, 1883 жылы Германия канцлері Отто Фон Бисмарктың бастамашы болуымен медициналық сақтандыру туралы арнайы заң жобасы дүниеге келген көрінеді. Бұл жүйені кейінірек бірқатар Еуропа елдері де өз тәжірибелеріне енгізе бастаған. Атап айтар болсақ, 1887 жылы Австрияда, 1894 жылы Норвегияда, 1900 жылы Жаңа Зеландияда, 1901 жылы Швецияда пайда болған. Бүгінгі таңда неміс елінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесі халықтың 90 пайызын қамтиды.

дәрмектердің көптеген түрлері де тегін беріледі. Бірақ, косметологиялық операциялар мен кейбір стоматологиялық қызмет түрлері бұрынғыдай ақылы күйде қала береді. Қосымша медициналық қызмет түрлерін алу үшін әрбір азамат кірісінің 2 пайызын, ал жұмыс беруші 5 пайыз көлемінде жарна төлейтін болады. Бір жақсысы, жұмыс берушілерге салмақ салмас үшін 2017 жылы жарнаның негізгі бөлігін мемлекет өз мойнына алып отыр. Ал, тиісті төлем жұмысшылардан 2019 жылдан бастап ұсталады.

– Осылайша, сақтандыру қорына жиналған қаражат азаматтардың медициналық көмек алуы үшін жұмсалады дейсіз ғой...

– Әлбетте. Жаңа жүйенің басты ерекшелігі де осында. Яғни, бұрын мемлекет тарапынан жүзеге асырылған тегін медициналық қызмет түрлері аталмыш сақтандыру жүйесі арқылы орындалатын болады. Дегенмен, кейбір медициналық қызмет түрлері бұрынғыдай мемлекет есебінен жүзеге асырыла беретін болады. Жалпы, жыл сайын еліміздің денсаулық сақтау саласына миллиардтаған қаржы құйылады, ал бұл қазіргідей дағдарыс уақытында ел қазынасына айтарлықтай ауыртпалық түсіретіні де жасырын емес. Бір сөзбен айтқанда, денсаулық сақтау саласын үкіметтің қаржыландыруы еліміздің өркендеуіне, дамыған елдердің қатарына қосылуына кедергі келтіреді. Себебі, адам болған соң жиі ауыра береміз, ал мемлекет бұған қаражат шығындауын тоқтатпайды. Тегін дүниенің қадірі жоқ, бұл жерде адамның да өз денсаулығына деген жауапкершілігі болмайды. Сондықтан, жаңа жүйенің басты мақсаты да адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыру болып табылады.

– Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден босатылатын азаматтар бар ма?

– Иә. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден босатылатын азаматтар да бар. Еліміздің денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мұны да ойластырған. Осы тұрғыда азаматтардың 15 санатын білгілеп отыр. Мәселен, олардың қатарында балалар, "Алтын алқа", "Күміс алқа" иегерлері, "Батыр ана" атағын алған көп балалы аналар, мүгедектер мен соғыс ардагерлері, жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтар, интернатта өмір сүріп жатқан тұлғалар да бар екен. Мұның сыртында бала тууға, бала асырап алуға және 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған жұмыссыз азаматтар, зейнеткерлер мен әскери қызметкерлер, арнаулы мемлекеттік қызмет жұмыскерлері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, уақытша ұстау изоляторлары мен тергеу изоляторларында отырған азаматтар да жарна төлеуден босатылмақ.

– Фазылбек Сәбитбекұлы, негізі міндетті медициналық сақтандыру жүйесі елімізде егемендіктің алғашқы жылдары енгізілген көрінеді. Осыған қатысты қор құрылып, бұл жүйе қалыпты жұмыс істепті. Бірақ, қор басшысының жиналған бүкіл қаражатты жымқырып, шетел асып кетуінің салдарынан халық бұл жүйенің игілігін көре алмаған. Сондықтан, кезінде оң нәтиже бермеген жүйеге халықтың қазір де күмәнмен қарауы заңды шығар...

– Рас, біздің елімізде бұл жүйе сонау егемендіктің алғашқы жылдары енгізіліп, бірақ кейін дұрыс бақылаудың болмауы салдарынан құрдымға кеткен болатын. Осылайша, ғұмыры қысқа болған жарнаның халық игілігін көре алмады. Бірақ, ол уақытта біздің еліміз үшін мұндай жүйені жүзеге асыратын кез емес еді. Ол уақытта еліміздегі экономикалық жағдай өте қиын болатын. Денсаулық сақтау саласы да тоқырауға ұшырады. Тіпті, оталарды жарықсыз, май шаммен жасаған кездеріміз де болды. Операцияға қажетті жіп таба алмаған кездерді де бастан өткердік. Сақтандыру қорына жарна төлемек түгілі, еңбекақымызды айлап, жылдап алмаған жағдайды да бастан кештік. Жұмыссыздар саны көп, сондықтан мемлекеттің де қорға жарна аударуға мүмкіндігі өте аз болды. Жұмыс берушілер де жарнаны өз уақытында аударуға қауқарсыз болды. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің ұзақ өмір сүрмеуінің де бір сыры осында еді. Ал, келер жылдан бастап қолға алынатын жаңа жүйенің болашағынан зор үміт күтеміз. Жаңа жүйенің тұрғындарға да, жалпы денсаулық саласына да берері мол болмақ. Сондықтан, шетелдік тәжірибелерге сүйеніп, әбден зерттеліп, зерделеніп барып әзірленген жаңа жүйеге күмәнмен қараудың реті жоқ деп санаймын.

– Сіздіңше, міндетті сақтандыру жүйесі еліміздің денсаулық сақтау саласын жаңа деңгейге шығаруға сеп болады ғой...

– Әрине. Жаңа жүйе ұлт денсаулығын сақтау мен аурудың алдын алудың қамын ойлайды, осы екеуінің өрісін кеңейтуді қарастырады. Сарапшылардың болжамына сүйенсек, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру енгізілгеннен кейін еліміздегі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің сапасы мен деңгейі одан әрі арта түспек. Сондай-ақ, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің жалақысы көтеріледі. Әрі еліміздің әр өңіріндегі ауруханалар мен емханалар замануи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Жаңа жүйенің арқасында қымбат дәрі-дәрмектермен де қамтылатын боламыз. Ең бастысы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі азаматтардың жоғары әрі сапалы медициналық көмек алуына, тегін скринингтік тексерулерден де өтуіне қажетті алғышарттар туғызады деп сенеміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

● САНДЫҚ ТВ

“ОТАУ TV” - отбасының қуанышы

Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, мемлекеттік саяси идеологияны жүзеге асыру үрдісінде телеарналардың да атқаратын рөлі зор. Осы тұрғыда Елбасының тапсырмасы бойынша елімізде жүзеге асып жатқан “ОТАУ TV” сандық жерсеріктік жүйесінің халыққа ұлттық нақышқа сай қызмет жасап, қазақ тілінің дамуына мол үлес қосып келе жатқанын айрықша атап өтуге болады.

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Отбасының қуанышы болған “ОТАУ TV” жерсеріктік телеарнасының қамтылу аясын ұлғайту шаралары Арқалық қаласында да жақсы жолға қойылған. Ұлттық спутниктік желіні кеңінен насихаттау, үгіт жұмыстарын жандандыру мақсаты күн тәртібінде. Қалалық ішкі саясат бөлімі БАҚ арқылы ақпараттық қолдау жасап, тұрғындардың отандық телеарналарға қосылуларына себепші болуда. Бүгінгі таңда қала орталығынан бөлек, ауыл және ауылдық округтер бойынша да тиімді жұмыстар жүргізіліп, отандық телеарнаның дамуына жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Бұл ретте “Қазтелерадио” радиотелехабар тарату дирекциясы Арқалық қалалық бөлімі де ұсынақты жұмыс жасап отыр.

Жасай ҚАШҚЫМБАЕВ, “Қазтелерадио” АҚ радиотелехабар тарату дирекциясы Арқалық қалалық бөлімінің басшысы:



– Елдің шалғайдағы аудандарындағы тұрғындардың ақпараттық теңсіздігін төмендету мақсатында сандық телевизияны ендірудің бірінші кезеңі болып айқындалатын “ОТАУ TV” жерсеріктік телевизия Елбасының тапсырмасымен іске қосылған болатын. Бұған дейін шалғайдағы ауыл тұрғындары 2-3 қана отандық арналарды көре алатын. Ал, заманауи жерсеріктік телевизия

болса ел аумағын 100% қамти алады. Баршаға қол жетімді 50-ден астам отандық және ақылы топтаманы қосу барысында 100-ден астам телерадио арналарды тамашалау мүмкіндігі бар.

Қазіргі таңда бұл салада үлкен өзгеріс болып жатыр. Оған себеп, осы уақытқа дейін ақпараттық сыйымдылықтар шетелдік жерсеріктерге жалға беріліп келген болса, 2014 жылдың желтоқсанында қаржының тысқары кетуінің алдын алатын және елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қазақстандық “KazSat-3” жерсерігі іске қосылды. Бұл әрине, барша қазақстандықтар үшін өте қуанышты жағдай.

Осыған орай бүгінде “Қазтелерадио” АҚ телерадио өзінің сандық белгісінің хабар таратуын отандық жерсерікке көшіруде. Нақтырақ айтқанда 2016 жылдың 15 наурызынан бастап “ОТАУ TV” жерсеріктік телевизияның абоненттерін отандық “KazSat-3” жерсерігіне көшіру басталды. Отандық жерсерікте ақпараттық сыйымдылықты жалға алу шетелдік жерсерікке қарағанда анағұрлым арзан. Ең бастысы, бұл жаңа жүйе өз еліміздің экономикасының дамуына үлес қосады.

Телекоммуникациялық “KazSat-3” ғарыш аппараты байланыс, телехабар тарату және Қазақстан мен жақын шетелдерге жоғары жылдамдықты интернет жеткізу қызметтерін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұдан былай барлық сандық телеарналар қазақстандық “KazSat-3” жерсерігінің байланыс арналары арқылы өтетін болады. Отандық жерсерік арнайы телехабар тарату үшін жобаланған, әрі еліміздің барлық аумағына телевизияны таратуға жағдай жасайды.

Қазіргі дерек көзі бойынша “ОТАУ TV” абоненттерінің саны 1 млн.-нан асты, оның 60% ауылдық мекенде орналасқан. Елдің барлық аумағы бойынша орнатуды қамтамасыз ету үшін дилерлік желіні дамыту шешімі қабылданды. Дилерлер қабылдағыш жабдықтарды жеткізуге, жабдықты құрастыру мен қайта күйге келтіру жұмыстарын іске асырып, дербес жұмыс жасайды. Яғни, олар жеке кәсіпкерлер немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып табылады. “Қазтелерадио” АҚ оларды

қамқорлыққа ала отырып, шағын және орта бизнесті дамытуға қолдау жасауда.

Осы дилерлік қызметті біздің бөлімде жетекші инженер Владимир Гончаров пен II категориялы техник Виктор Лоптев бастаған мамандар тыңғылықты атқаруда. Бұл мамандар – ұзақ жыл тәжірибе жинап, өз қызметінде ысылған білікті жандар. Халыққа қызмет көрсетуде әрдайым ыждахаттылық танытып, тұтынушылардың көңілдерінен шығуға күш салады. Тұрғындардан келіп түскен әрбір өтінішті аяқсыз қалдырмайды. Қандай шаруа болса да шегіне жеткізіп, уақыт пен іскерлікті ұштастыра біледі.

Владимир ГОНЧАРОВ, жетекші инженер:



– Арқалық өңірінде “ОТАУ TV” телевизиялық жүйесінің 2000-нан астам тұтынушылары бар. Біз оларға ойдағыдай қызмет көрсетіп келеміз деп ойлаймыз. Жүйені отандық жерсерікке көшіру үрдісі жалғасуда. Оны тек ғаламтор арқылы телевизияның бас орталығына хабарласып, бол-

маса бекітілген дилерлер арқылы ауыстырған жөн. Біздің қолымызда сондай рұқсат берілген анықтамалар бар.

Жүйені өзгертенде төлем төлегендігі жөнінде түбіртек беріп, қызметтің сапасы үшін белгілі бір уақытқа дейін кепілдік жасаймыз.

Виктор ЛОПТЕВ, маман:

– Айта кетерлігі, алыстағы елді мекендер тұрғындары қайта күйге келтіруге өтініш бергенде, мүмкіндігінше “ОТАУ TV” жерсеріктік телевизия орнатылған барлық тұрғындарды хабардар етсе, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл дилердің жұмысын жеңілдетіп және қайта күйге келтіру үрдісін де жылдамдата түседі.



Жалпы алғанда, қазақстандық жерсерікке ауысу арқылы көрермен қосымша артықшылықтарға ие болады. Цифрлық телевизияның кескіні мен дыбыс сапасы өте жоғары. Сондай-ақ, көрерменге SD арналарды және ақылы топтаманың пайдаланушыларына қолжетімді болатын HD арналарын көру мүмкіндігін береді.

Жасұлан ЖАҢАБАЙҰЛЫ, маман:



– Мен осы “Қазтелерадио” АҚ радиотелехабар тарату дирекциясы Арқалық қалалық бөлімінің ұжымында көптен бері еңбек етіп келемін. Басында бұл жұмысқа үйренуші болып кірген болатынмын, қазір, міне, кәсіби маманға айналдым. Бүгінде II дәрежелі техникпің. Отандық телевизия саласы арқылы ха-

лыққа лайықты қызмет көрсетеміз. Отандық теларналар легі тегін, ақылы негізде түрлі жанрдағы телеарналар топ-тобымен қосылып жатыр. Көрсетілімдердің сапасы өте жоғары деңгейде.

Жерсеріктік телевизия электр желілері тартылмаған шалғай аумақтарды да қамти береді. Күн сәулесінен қуат алатын батареялар арқылы 12 вольтта еркін көрсетеді. Өтініш берушілерге орнатып беріп жатырмыз. Халық қостырып, алғыстарын айтуда.

Ескерерлік бір жайт, “ОТАУ TV” жабдықтарын тек авторландырылған дилерлерден ғана сатып алып, құрастыру үшін де сол мамандардың өзіне тапсырыс беру қажет. Тұтынушы дилерден алатын абоненттік тіркеу картасының бағандарын мұқият толтыруы керек. Сондай ақ, дилерден де соны талап еткені жөн.

“ОТАУ TV” сандық спутниктік жүйесіне алғашқылар-

дың бірі болып қосылған – “Камышы” поселкесінің тұрғындары Ибраевтар отбасы. Отандық телевизияның тиімділігіне тәнті болған ағайындар жаңа жүйені де дер кезінде күйге келтіріп алды.

– Мен өзім қырық жылдан астам уақыт бойы ауыл шаруашылығында еңбек етіп, механизатор болған адаммын. Бұрын, өкінішке қарай, қазақы салт-дәстүрімізге сай келмейтін өзге арналардың өнімін тамашалап келдік. Оның өзін қосу үшін “теледидардың антенасы неғұрлым биік болған сайын жақсы көрсетеді” деп, оған материал таба алмай одан-бұдан құрастырып, былайша айтқанда, “құрық байлап, құрыққа сырық байлап” дегендей әбден машақаттанушы едік. Сондағы көретініміз – қара жолақты теледидар. Жақсы бір бағдарламаны көру үшін бала-шағамызбен шұбырып, көрші ауылға барып үйді-үйді жағалап, әбігерленіп жүруші едік.

Отандық жерсеріктік телеарнаға қосылғаннан бері ол қиындықтардың бері артта қалып, жоғары сапада, түрлі-түсті көрсетілімде ел тарихы мен ұлттық құндылықтарға толы өңірлердің тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысып жатырмыз. Қазақтың ұлттық ойындарын, салт-дәстүрін көрсетіп жастарды әлемдік өркениетке жетелейтін телеарна көңілімізден шығады. Күні кеше ел намысын жанытын байрақты бөсеке Риода өткен олимпиаданы “Қазспорт”, “Хабар”, “Қазақстан” телеарналарынан тікелей тамашалап, отандастарымызға жанкүйер болдық. Отбасымызбен бірге спортшыларымыздың тілеуін тілеп отырдық. Осындай жарыстар біздің жастарымызды рухтандырады, – дейді зейнеткер Қайдар Ибраев.



Отасының сөзін жұбайы Ханшайым Құлжанова да қоштай түседі.

– Қазір “ОТАУ TV” табақшасын орнатып береді, сол жеткілікті және көрсетілім сапасы қандай десеңізші. Бейнелер ап-анық, алуан түсті, көрсең көз тояды. Отандық телеарналардан сапалы ақпараттармен қандығып қана қоймай, айтыс сияқты ұлттық өнерімізді де жиі тамашалаймыз.

“Отау TV” сандық жерсеріктік жүйесінің іске қосылғаны халыққа керемет жақсы болды. Мұның барлығы қазақ ұлтының өсіп-өркендеуі жолындағы мемлекеттік саясаттың табысты жүргізіліп жатқандығының арқасы деп білеміз. Қай жастағы көрерменнің болса да талғамынан шығатын теларналардан қазақтың аңыз-әңгімелері желісінде жасалған қазақша мультфильмдерді немерелеріміз аса сүйсініп көреді.

Жәния ҚАЙДАРОВА, тұтынушы:

– Мен биыл мектепке барамын. “ОТАУ TV”-да көп мультфильмдер бар. Ертегілерді де өте жақсы көремін. Маған “Балапан” арнасы қатты ұнайды. Ондағы көрсетілімдер қызықты. Балалармен де түрлі қызықты ойындар ойнатылады. “ОТАУ TV”-ға және оны қосып берген ағаларға көп рахмет! Арқалық қаласы.



СУРЕТТЕРДЕ: Мамандар мен тұтынушылар. Суреттерді түсірген автор.

ҚҰРБАН АЙТ МҮБАРАК БОЛҒАЙ!



Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болып, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.), Оның (с.ғ.с.) жанұясына, сүйікті сахабаларына және оларға ізгілікте ерген барша момын мұсылмандарға Жаратушы Иеміздің сансыз салауаты мен сәлемі болғай!

"Айт" сөзі араб тілінен аударғанда "қайта оралу" деген мағынаны білдіреді. Бұл мейрам жыл сайын қайта айналып келіп отыратындықтан да "айт" деп аталады. Айт — мұсылмандар үшін Жаратушымыздың разылығына жету мақсатында құлшылық жасап, өзара реніш, араздықтарын жойып, бауырластық сезімдерін күшейтетін маңызды мейрам. Биылғы жылы Құрбан айт мейрамының бірінші күні қыркүйек айының 12-не тұспа-тұс келіп тұр. Бұл күндердің ұлықтығы сол — мұнда адам баласы өз Жаратушысына барынша жақындай түсуге тамаша мүмкіндік алады. Алла Тағала барша мұсылман үмметі үшін осынау қасиетті күндерді берекелі әрі сауаптар таптыратын күндерден қылғай!

Құрбан айт мерекесін қалай өткізген жөн

2016 жылдың 12 қыркүйек күні еліміздің барлық өңірлеріндегі мешіттерде Құрбан айт намазы оқылады. Сондай-ақ, осы айтулы күн Елбасымыздың жарлығымен демалыс күні болып бекітілді.

Құрбан айт күні жақсылап ғұсыл құйынғаннан (денені толықтай жуу) кейін әдемі, таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп, мешітке айт намазына бару — мұстахаб (жақсы амалдарға жатады). Абдулла ибн Амр әл-Астың (р.ғ.) айтуынша, бірде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): *"Құрбан (айт) күнін мереке ретінде атап өтуге маған бұйық келді. Бұл күнді Алла тұтас үмбет үшін мереке қылды"*, — деді. Осы кезде бір кісі: *"Ей, Алланың Елшісі (с.ғ.с.)! Менде елдің аманат ретінде табыстаған малынан басқа мал жоқ, сол малдан бауыздауыма бола ма?"*, — деп сұрады. Оның құрбан шалуға жағдайы жоқтығын ұққан Алла Елшісі (с.ғ.с.): *"Жоқ, шаш-тырнағыңды қысқартып, мұртыңды алып, күн көзі түспейтін жерлерді тазалау да жеткілікті. Бұл сен үшін Алланың алдында құрбандық шалғанмен тең"*, — деді.

Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндеттелген жандар құрбандықтарын шалып, етін тиісті адамдарға таратады.

Айт күні мұсылмандар көрші-қолаң, туыс-туғанды аралап, "Айт құтты болсын" айтысады. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, көшірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, бір-бірін кешірген жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім-жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, көмектесе алса көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, әке-шешесіне, отбасындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына, мүмкіндігінше, кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сыяпат жасап, айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдарды жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген ілтипаты мен сыйластықтарын барынша арттырады.

Құрбандық шалу

Құрбан — араб тілінде "жақындау" де-

ТӘЖІМБЕТ Бахытбек Нұрғабылұлы, ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы

генді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы: "Шарттарымен санаса отырып, құлшылық ниетімен мал бауыздау". Олай болса, құрбандық шалуды тек мал сойып, қан шығару емес, Алланың рахым-мейіріміне қол жеткізудің бір жолы деп түсінген абзал.

Құрбан айт күндері құрбандық шалуды міндет (уәжіп) ететін шарттар:

1. Мұсылман болуы;
2. Азат болу;
3. Тұрғылықты болу;
4. Мал-мүліктің жеткіліктілігі, яки мұсылманның иелігінде пітір-садақасын уәжіп ететін нисаптың бар болуы көзделеді.
5. Ақылды болуы және балиғат жасына толуы;

Құрбандық шалудың дұрыстығына қажетті шарттар:

1. Құрбандыққа түйе, сиыр, қой, ешкі, секілді малдардың болуы. Бұл төртеуінен басқа жылқы және еті адал жануарлардың еш біреуі құрбандыққа шалынбайды. Төртеуінің құрбандыққа ең абзалы — түйе, содан кейін ірі қара, сосын қой, кейін ешкі малы. Құрбандықтың дұрыстығы үшін бір қой не бір ешкі тек бір кісінің атынан шалынуы шарт. Ал түйе мен ірі қара малын жеті не одан да аз кісі бірігіп шалуларына болады. Бірақ жеті кісіден аспауы және жетеуінде де құрбандыққа шалу ниетінің болуы шарт.
2. Малды құрбандық ниетімен шалуы міндет. Соғым не ет қажет ету ниетімен сойылған мал, құрбандыққа жатпайды.
3. Өкіл етушінің өмірі. Құрбандықты әркімнің өзі шалуы абзал саналса да өкіл арқылы шалуға да рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда мал иесі тарапынан өкілдің тағайындалған болуы әрі оған құрбандықты шалу өмірін беруі шарт.
4. Мал жасының дұрыстығы. Түйе — бес жасар, ірі қара — екі жасар, ешкі бір жас-тан асқан болуы шарт. Қой малының бір жасқа толмағанын шалса да болады.
5. Құрбандық оны шалушы кісінің мүлкі болуы керек.
6. Құрбандық малдың бойында жүде кемістік болмауы шарт. Алла Елшісі (с.ғ.с.): *"Төрт түрлі мал құрбандыққа жарамайды: бір көзінің соқырлығы айрықша байқалатын мал, ауру-сырқауы айрықша байқалатын мал, ақсақтығы айрықша байқалатын мал, жілік майы үзілген жүдеу мал"*, — деген.
7. Дұрыс уақытта шалынуы. Құрбан шалу уақыты Құрбан айт намазынан кейін кереді. Құрбандықты айттың бірінші күні шалған абзал. Құрбан шалынатын мерзім бұдан кейінгі екі күнге жалғасып, соңғы күннің күні батуымен (ақшам намазы кіргенде) аяқталады. Құрбан шалуы уәжіп кісі белгіленген мерзімді өткізіп алса, мойнынан міндетті түсіру үшін құрбан шалудың орнына садақа беруі уәжіп.
8. Құрбандықтың шалынуы. Құрбан шалудың орнына малдың өзін тірідей не құнын садақа етуге болмайды.

Құрбандық шалған кезде төмендегі абзал (мұстахаб) амалдарға да назар аударған жөн:

Малды Құрбан айттан бұрын құрбандыққа дайындау. Құрбандық шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу. Құрбан-

дық малын шалынатын орынға сүйретпей, ұрмай-соқпай әдеппен апару. Құрбандыққа малдың ең жақсысын таңдау. Малды құрбан шалушының өзі бауыздау. Құрбан шалушы кісі мал бауыздауды білмесе не әйел кісі болса, малды қинап қоймас үшін, бауыздау ісін басқа мұсылманға тапсырғаны абзал. Сондай-ақ, өзінің құрбандығының қасында тұруы абзал. Құрбандық малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу және дұғасын айту. Құрбандық шалу кезінде хадистерде келген дұғаларды айту ұнамды іс (мұстахаб) саналады. Құрбандықты бауыздау сәтінде шартты (міндетті) түрде **бисмиллә** сөзі айтылады. Ал дұға **бисмиллә** сөзінің алдында, құрбандықты бауыздар алдында не құрбандық бауыздалғаннан соң жасалады. Құрбан бауыздалып жатқанда бисмиллә сөзіне дұға қосып айту ұнамсыз (макруһ) амал саналады. Бауыздар алдын не бауыздаған соң айтылатын дұға, келесі хадисте келген бейнеде айтылуы абзал саналады. Жәбир ибн Абдулла: *"Пайғамбар (с.ғ.с) құрбандыққа мүйізді, піштірілген, ноғала екі қошқарды құрбандыққа шалды. Ол екеуін құбылаға бағыттап, жатқызған соң: "Көктер мен жерді жаратқан Аллаға нағыз мұсылманша жүзімді жөнелттім. Мен Аллаға серік қосушылардың емеспін. Расында намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Алла үшін. Оның серігі жоқ. Маған осылай істеуім бұйырылды және мен мұсылмандарданмын. Аллам бұл — Сенен және сен үшін. Бисмилләһи Аллаһу акбар"*, — деді деген. Бұл дұғаны білмесе "Иә, Алла Тағалам, осы құрбандығымды досың Ибраһим мен сүйіктің Мұхаммедтен (с.ғ.с.) қабыл алғанындай, менен де қабыл ала гөр!" деп, яки осыған ұқсас дұға айтуға болады. Кейіннен "Аллаһу акбар!" және "Лә иләһа иллаллаһ" деп айтылады да "Бисмилләһи, Аллаһу акбар" деп оң қолымен бауыздайды. Малды бауыздайтын кісі бауыздарда біле тұра, әдейі "бисмилләһ" деп айтпаса, ханафи мәзһабы бойынша ол малдың етін жеуге болмайды. Құрбан шалатын адам малды қинамай, өткір пышақпен жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі қажет. Малдың көзінше жағандатып пышақ қайрауға болмайды және бауыздалып, жаны әбден шыққаннан кейін ғана, малды сойған дұрыс. Құрбандық етінің үштен бірі пақырларға садақа етіліп, үштен бірінен туыстар мен таныстарға тағам әзірленіп беріліп, қалған үштен бірі отбасына қалады. Кімде-кім құрбандықтың етін толығымен садақа еткісі келсе, рұқсат етіледі.

Құрбандыққа қатысты ұнамсыз (макруһ) істер:

Құрбандыққа арналған малдың жүнін қырку, сүтін пайдалану, құрбандыққа атаған малды сату, құрбандық малын міну, жүк тасуға пайдалану, жалға беру, бауыздалып, жаны әбден шықпай сою, құрбандықтың етін не жүнін не терісін сату, қасапшының жаалақысын құрбандықтың етімен төлеу сияқты жоғарда аталған істердің барлығы харамға жақын макруһ амалдардан болып саналады.

Ташриқ тәкбірлері

"Ташриқ" деп, етті күннің көзіне жайып кептіруді айтады. Айттан кейінгі үш күнде құрбандыққа шалынған малдардың еттерін күнге кептіру әдетке айналғандықтан, бұл күндер ташриқ күндері деп ата-

лып кеткен.

Алла Тағаланың: **"Санаулы (ташриқ) күндері Алланы еске алыңдар!"** ("Бақара" сүресі: 203) бұйрығына байланысты ташриқ тәкбірін айту балиғатқа толған әр мұсылманға уәжіп. Ташриқ тәкбірлерінің уақыты ханафи мәзһабында 9-шы зұлхиджа Арафа күнінің таңында басталып, 13-ші зұлхиджаның екінді намазымен (қыркүйек айының 11-і күні таң намазынан басталып, 15-і күні екінді намазынан кейін) шығады. Яғни 23 намаздың соңында айтылады. Ханафи мәзһабінің ташриқ тәкбірлерінің уақытына қатысты ұстанатын пәтуәсі - Әбу Юсуф пен Мұхаммадтің көзқарасына негізделеді. Жәбир (р.а.) былай деді: Алланың Елшісі (с.ғ.с.) Арафа күні таң намазын оқыған соң, сахабаларына бұрылып: *"Орындарыңда қалыңдар!"* — деді және: *"Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар. Лә иләһа иллаллаһу Аллаһу әкбар. Аллаһу әкбар уа лиллаһилхамд"* сөздерін айтты. Осылайша, Арафа күнінің таңынан (таң намазының парызынан кейін) соңғы ташриқ күнінің екінді намазына дейін тәкбір айтатын (Ад-Дарақутни жеткізді).

Ташриқ тәкбірін мейлі жамағатпен, мейлі жалғыз атқарылған әр парыз намазының артында ер адамдарға да, әйел кісілерге де бір мәрте айту уәжіп. Бұдан көбірек айту — мұстахаб. Ер адамдар тәкбірді көтеріңкі дауыспен, ал әйел кісілер іштерінен айтады. Айт намазы мен үтір намазынан кейін айтылмайды. Сол секілді тұрғылықты кісіге де, жолаушы кісіге де парыз намазынан кейін ташриқ тәкбірін бір мәрте айту уәжіп. Намазға кешігіп қосылған кісі де өткізіп алған рәкәттерін толықтырған соң тәкбір айтады.

"32. Ал енді жалпы "Арафа" сөзінің мағынасына келер болсақ, "танысу" дегенді білдіреді. Яғни адамзаттың атасы Адам (а.с.) мен Хауа ананың жер бетіне түсіп, Арафат тауында табысқан күні. Зұлхиджа айының 9-шы жұлдызын Арафа күні дейміз. Бұл күні қажылық рәсімдерін атқарып жатқан жандар үшін Меккеден 20 шақырым жерде орналасқан Арафат тауында бір мезет болса да тұру парыз болып есептеледі. Қасиетті тауға аяғы тиген әр пенде Жаратқанға барынша жақындағандай, жүздескендей күй кешеді. Алла Тағала да олардың тілек-дұғаларын қабыл алады, күнәларын кешіреді делінеді.

Арафа күнінен кейін, Зұлхиджа айының 10 жұлдызында Меккеге барған тауапшылар (қажылар) қажылық парыздың соңғы міндетін — Құрбан айт мейрамының шарттарын орындауға кіріседі. Бұл күндері қажылармен бірге, бүтін мұсылман қауымы Алла разылығы үшін құрбандық шалады.


Құрметті мұсылман ағайындар! Зұлхиджа айының алғашқы 9 күнінде ораза ұстайтын болсаңыз, үлкен сауап болатындығын ұмытпағанымыз жөн.

Ұлттар мен ұлыстарды мейірімділікке, игілікке, бірлікке үндейтін ұлық мереке — Құрбан айт мүбәрак болғай, ағайын! Жаратушы Иемізден отбасыларыңызға амандық, мықты денсаулық, кәсіптеріңізге адалдық пен береке тілеймін. Жаратқан Иеміз құлшылықтарыңызды қабыл етіп, мақсат-мұраттарыңызды асыл еткелі! Қасиетті орындарда қажылық парыздарын өтеу үшін жолға шыққан бауырларымызға дін-аман елге оралуды жазғай! Алла Тағала күллі мұсылман үмметін жарылқап, асыл дініміз — Исламға күш-қуат бергей! Келе жатқан Құрбан айт мерекесі құтты болып, шалғалы жатқан құрбандықтарыңыз қабыл болғай! Әмин.

2016 жылдың Зулхиджа айының 9 күндік нәпіл оразасы (Қостанай қаласы үшін)

Мезгілі	03.09.	04.09.	05.09.	06.09.	07.09.	08.09.	09.09.	10.09.	11.09.
Сәресінің аяқталуы	05:04	05:06	05:09	05:11	05:13	05:15	05:18	05:20	05:22
Ауызашар уақыты	20:33	20:30	20:28	20:26	20:23	20:21	20:18	20:16	20:14

● РУХАНИЯТ



ҰЛТ ҰЙЫТҚЫСЫ

5 қыркүйек –

Ахмет Байтұрсынұлының туған күні

Ұлт руханиятының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күні жайында әлі күнге дейін екіұдай пікірлер айтылып келеді. Міржақып Дулатұлы 1922 жылы Орынборда орыс тілінде жарық көрген "Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов" атты биографиялық очеркінде "Ахмет Байтұрсунович родился 28 (15) января" деген дерек береді. Ал 1991 жылы академик Рымғали Нұрғали құрастырған "Ақ жол" жинағында Ахаң "1873 жылы, 18 январда дүниеге келген" деп көрсетіледі. Мектеп оқулықтарында ұлы қайраткер "1873 жылы 28 қаңтарда туған" делініп жүр. Қостанай мемлекеттік университетінде Ахаңның туған күні жыл сайын қаңтар айында атап өтіледі. Ал ғаламтордағы "Википедия" ашық энциклопедиясында "Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5 қыркүйегіне дүниеге келді" деп жазылған. Алматы қаласындағы Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Райхан Есмағанбетова Ахаңның туған күні қыркүйектің бесі екенін, ол кісінің өз қолымен толтырылған анкеталары негізінде ғылыми түрде дәлелдегенін айтады.

Осы орайда 1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлының өзі толтырған деректік құжаттың көшірмесі қолымызға тиді. Қызметтік сауалнама түріндегі деректік құжаттың "Қашан және қайда туды?" деген сауал тұсына Ахаң өз қолымен "1872 жылдың 5 қыркүйегі" деп көрсетіпті. Құжат көшірмесін Астанадағы Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры, әдебиетші Ербол Тілешевтен алған едік. Ғалымның өзімен де аз-кем дидарласып, әңгімелесудің сәті түсті.

– Алдымен, Ахаңның өз қолымен толтырылған құжаттың тарихына тоқталып өтсеңіз. Бұл құжат қалай табылды және құжаттың түпнұсқасы қазір қайда жатыр?

– Осыдан 3-4 жыл бұрын Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемориалдық музейдің тапсырысымен Ахаң туралы деректі фильм түсірдік. Фильмнің сценарийін белгілі алаштанушы, жазушы-журналист Сабыржан Шүкіров жазды. Сол фильмді түсіру барысында біз біраз деректерді қайта қарадық. Ең басты іздегеніміз – Рымғали Нұрғали, Рәбиға Сыздық сынды академиктердің, басқа да ғалымдардың еңбектерінде кездесетін Ахаңның өз қолымен орысша жазылған өмірбаян нұсқасы. Ол орталық мұрағатта да болмай шықты. Ахаң музейінің құжат бөлімінен де таппадық. Арнайы сапарлап Қарқаралының түбіндегі Ақтерек деген ауылға ат басын тіредік. Ахаң Ақтеректе мектеп ашқан. Бұл ауыл бізге қымбат. Қымбат болатын себебі, біз білетін "Тіл құралы", "Маса", "Қырық мысалды" Ахаң осы Ақтерек мектебінде мұғалім болып жүргенде жазған. Содан Қарқаралы асып, Семейге бет түзеді. Семейге барғанымызда, сол кездегі Абай музейінің директоры, көкбайтанушы Жандос Әубәкіров бізге Ахметтің қолымен жазылған бірнеше қағаз ұсынды. Сан сақты кезіп, сарылып таба алмай жүрген дүниеміз осылайша алдымыздан шықты. Бұл құжаттың құндылығы, біріншіден, Ахаңның өз қолымен жазғандығында. Екіншіден, дерек беруінде.

– Бұл сонда Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазылған жалғыз құжат па? Ахаңның 1872-ші жылғы 5 қыркүйекте туғанын дәлелдейтін бұдан басқа құжат бар ма?

– Ахаң кейін кеңестік қызметке қабылданған, кеңседе жұмыс істеген адам. Қазақтың тұңғыш жоғарғы оқу орны, қазіргі Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университетінде профессор болған. Сонда қызметке кіргенде Ахаң тағы да өз қолымен анкета толтырған. Ол да орыс тілінде. Сол құжаттың "туған жылы, туған күні" деген тұсына тағы да "1872 жыл, 5 қыркүйек" деп жазады. Сонда біздің алдымызда 2 құжат тұр.

– Енді бұл құжаттар қаншалықты маңызды?

– Ұлт ғылымының негізін қалаушылардың біріне қатысты әрбір дерек біз үшін аса маңызды. Мәдениетті жұрттардың қай-қайсы да Ахмет сынды ғұламаларын ардақтап, олардың басып кеткен ізін, әрбір күнін, тіпті кейде әрбір сағатын түгендеуге тырысады. Біз сияқты жазба әдебиетке кештеу келген халықтың алдында осы бағытта қыруар ізденістер күтіп тұр. Қазір әлі де болса арғы-бергі тарихымызды түгендеу тұрғысынан жұмыстар жүргізуіміз керек. Тарихты, әрине, тұлғалар жасайды. Сондықтан тұлғаның өмірбаянын біз неғұрлым таныған сайын, сол заманның да райын, сол дәуірдің де шындығын біле береміз. Осы орайда қазақ үшін аса қымбатты, қадірлі Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен жылына біз аса мән бермей келдік. Сонау 88-ші жылы ақталғаннан бері алып қарасақ, алғаш 89-да Ахаңның жинағы шықты. Одан кейін де жекелеген кітаптары жарық көрді. Еңбектері оқулықтарға кірді. Ғылыми айналымға енді. Ахаң мұраларына арналған сандаған ғылыми диссертациялар қорғалды. Бірақ солардың көбінде ұлы ғалымның туған жылы мен туған күні "1873-ші жылдың 28-ші ақпаны" деп жаңсақ көрсетіліп келді. Енді Ахаңның туған күнін өзі жазып, хаттап қалдырып кеткен 1872 жылдың 5-ші қыркүйегіне белгілеп, бір байламға тоқтауымыз керек.

– Ахмет Байтұрсынұлы жайында айтылмай жатқан нәрселер бар ма?

– Біреулер Ахаңды ағартушы деп жатады. Мен Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық деңгейде қарауға қарсы адаммын. Ахаң, ең алдымен, қайраткер. Шын мәніндегі реформатор қайраткер. Оның ақындығы, аудармашылығы, ғалымдығы, редакторлығы, ұстаздығы тағы да басқа көптеген қырлары осы қайрат-

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

К. С. С. Р.

НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ ПО ПРОСВЕЩЕНИЮ

Отдел *Культуры*

ПОСЛУЖНОЙ СПИСОК.

Фамилия, имя и отчество: *Байтұрсынұлы Ахмет*

Дата и где рождения: *5-го сентября 1872 г. Усть-Каменогорск, Горьковский уезд, деревня, село*

Где и какое получил образование: *13-й Оренбургский учебный класс*

Отношение к воинской повинности: *не подлежал и не отбывал*

Последнее место службы до поступления в НКП: *Культпросвещения*

Семейное положение: *Молод?*

Имя	Родился	Умер	Имя	Родился	Умер
<i>Курманжан</i>	<i>6/9/81</i>				
<i>Ахмет</i>	<i>5/9/15</i>				
<i>Молчан</i>	<i>19/18</i>				

На какие должности подвергался испытанию:

Куда делал назначения:

На должность: *№ протокола*

Краткое изложение предыдущей службы:

Подпись определяющего:

керліктен бастау алады. Қайраткер деген не? Қайраткер деген халыққа ең жоғары деңгейде қызмет етіп, еңбек сіңіру деген сөз. Ахаң мектеп ашып, бала оқытайын деді. Кітап жоқ еді, кітап жазды. Ол халықтың шынайы сыртқы қорғаны – үкімет, ал рухани қорғаны тіл болады деп түсінді. Сондықтан Алаш партиясына кіріп, Алаш үкіметін құруға атсалысты. Әр ұлттың өзінің үкімет, мемлекеті болмаса, мың жерден жағдай жасасаң да, ол ұлттың болашағы көктемейтін Ахаң жақсы түсінген. Мәселен, өлемде 7 мыңға жуық ұлт бар екен, БҰҰ мойындаған 193-ақ мемлекет бар. Келесі мәселе, Ахаңның шығармашылығы мен қайраткерлігі ғана емес, өмірінің өзі тағылым. Біз кейде көп нәрсені "елден асқан батыр еді, әулие еді" деп орынсыз асыра бағалап жатамыз. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлына қаратып айтар болсақ, Ахаңды кейбір ғалымдар тіпті ұлы ақын дегенге дейін алып барады. Шындығында ол кісі алып бара жатқан керемет ақын емес. Ахаңның өзі айтады: "Біз ақын емес

едік. Қазақтың құлағы мен көзі өлеңге үйренгеннен кейін. Қазақты өлеңмен үгіттеу оңай болғаннан кейін, біз өлең жаздық. Енді Мағжандар келгеннен кейін біздің өлең жазуымыз ұят болады", – дейді. Міне, өнерге деген адалдық. Қазақтың сөзіне деген адалдық. Ахаң өлең жазу кезінде керек болды. Ал енді классикалық жаңа поэзия қалыптасқанда Ахаң қоя қойды. Қарап отырсаңыздар, Ахаңның қызметі мен шығармашылығы ғана емес, еткен ісі мен тұлғасы да тағылымға толы екенін көреміз. Шығармашылығы мен тұлғалық тағылымы теңдей жоғары деңгейдегі бір қазақ болса, ол Ахмет Байтұрсынұлы деп айтар едім. Ұлт күнде көсем тудырмайды. Сондықтан Ахаң есімі ерекше ардақталуы керек.

Ахаң жайында айтылмай жүрген тағы бір нәрсе, бәлкім, ең негізгі де осы шығар, бүгінгі Қазақстан Республикасының шекарасын белгілеген адам – Ахмет Байтұрсынұнов пен Әлімхан Ермеков. 19-шы жылы Ұлттар жөніндегі комиссар Иосиф Сталинмен кездесуі, одан кейін Ленинмен кездесуі, шекаралық комиссияға Әлімхан Ермековті ұсынуы – осының бәрі қазақ жерінің тұтастығы үшін жасалған тарихи маңызы зор шаруа. Ленин Ахаңды шақырып алып: Сіз ұлтыңыз сыйлайтын, ұлтыңызға қадірлі азамат екенсіз. Алаш бүгін болмаса, ертең жеңіледі. Ұлтыңызға зиян істемейсіз. Алаштан шығыңыз. Әскерді таратыңыз. Біз мынау Антананы жеңгеннен кейін, сіздерге көрсетеміз ертең. Сондықтан халқыңызды қырып алмаңыз, – деді. Ахаң: олай болатын болса, Ресей шекарасының аясында қазаққа автономия бересің деген шарт қойып, Лениннің уәдесін алады. Ленин сөзінде тұрып 1920 жылғы 20-шы тамызда Қазақ кеңестік социалистік автономиялық республикасын жариялайды. Ал Қостанай Челябинге өтіп кете жаздағанда, тағы да Ахаң мен Әлімхан қайтарып алады. Маңғыстау облысы бүкіл байлығымен, бүтін орнымен анау Закаспий округке қарайтын. Түркіменмен қосып Бакуге қарайтын. Қайтарған кім? Ахаң! Шымкент облысы мен Қызылорда облысы, Жамбыл облысының екі-үш ауданы Сырдария облысы болып, Ташкент генерал-губернаторына, Өзбекстанға қарайтын. Қайтарған кім? Тағы да Ахаң мен Әлімхан. Қазір қазаққа 1 метр жер сыйласыншы біреу. Оған батыр атағын беріп, қаһарман қылатын едік. Ал, Ахаң қаншама жерді аман алып қалып отыр. Ғалымдығын, ақындығын, лингвист, әдебиетшілігін, әліпби жасағандығын былай қойғанда, Ахмет Байтұрсынұнов бір-ақ ісімен кемегер адам.

Сұхбаттасқан Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

СУРЕТТЕ: А. Байтұрсынұлы өз қолымен толтырған қызметтік құжаттар.

● СПОРТ

Жастар үмітті ақтады

Кен алыбының спортшылары жалпыкомандалық есепте
2-орынға ие болды

Алып кәсіпорынның құрама командасы Еуразиялық топ ұйымдастырған жазғы спартакиадасынан оралды. Ақсу қаласында өткен додаға "Қазақстан Алуминий" АҚ, "ERG Астана", "Еуроазиялық энергетикалық корпорациясы" АҚ, "Электролиз зауыты" АҚ, "Павлодар машина жасау зауыты" АҚ, "ССКӨБ" АҚ, "Транс-Ком" ЖШС, "Шұбаркөл көмір", АҚ "Қазхром ТҰҚ" АҚ құрамалары қатысып, спорттың 7 түрінен өзара бақ сынасты. Қызыққа толы жарыстарда ССКӨБ командасы жақсы нәтиже көрсетіп, жанкүйерлер мен әділқазылардың қошеметіне бөленді. Атап айтсақ, ерлер арасындағы волейбол мен баскетбол жарысында екінші, футболдан бірінші орындарды иеленді. Бірлестіктің қоржынында 2 қола, 3 күміс және 1 алтын медаль бар. Ал жалпыкомандалық есепте кен алыбының

спортшылары "Қазхромға" есе жіберіп, екінші орынға жайғасты. Үшінші орын – екібастұздық "Еуроазиялық энергетикалық корпорациясының" еншісінде. Жазғы спартакиадада кәсіпорын намысын абыроймен қорғаған құраманы кеншілер шаһары мен бірлестік ұжымы "Горняк" жастар спорт кешенінің стадионында зор қошеметпен күтіп алды. Оларды жеңісімен құттықтаған "ССКӨБ" АҚ президенті Бөкей Мұхаметқалиев ұжымға деген мақтанышын да жасырып қалмады:

– Жарысты ойдағыдай қорытындыладық. Біз спартакиадаға жұмылған жұдырықтай бірігіп қатыстық. Бірліктің арқасында үздік үштік қатарына іліктік. Алғаш рет ұйымдастырылған спартакиаданың нәтижесі жаман емес. Ең бастысы, сіздердің жеңіске деген ұмтылыстарыңызға



риза болдым. Екінші спартакиада 2018 жылы біздің базамызда өтеді. Қазіргі жинаған тәжірибемізді шыңдап, екі жылдан кейін бірінші орынға таласатын боламыз. Мен сіздерге сенемін. Жарайсындар! – деді ол.

Ақжарма тілектерден кейін спортшыларды марапаттау рәсіміне кезек берілді. Фабрикалық кешенде диірмен машинисі болып қызмет ететін Роман Князев шағын футболда ерекше көзге түсіп, "үздік ойыншы" атанды:

– Адам талпына берсе, жолы болғыш келеді. Өзім осы кәсіпорынның бір бөлшегі болғанымна қуанамын. Мұнда еңбек етіп, спортпен шұғылдануға жақсы жағдай жасалған. Ақсу қаласында комбинаттың намысын қорғағанымна, командамен бірге болып, жеңіс үшін талпынғанымна ризамын. Бізді қолдайтын ұжымға, отбасыма алғысымды айтамын, – дейді ол.

Кен алыбында спортқа ерекше көңіл бөлінеді. Оған жылына екі рет өткізілетін жұмысшылар арасындағы жазғы, қысқы спартакиада дәлел бола алады. Ол үшін "Горняк" жастар спорт кешені тоғылығымен заман талабына жауап береді. Мұндай ауқымды жарыстар кәсіпорында еңбек ететін ұжымға өзге қырынан танылып, спортты сүйеге, қайсар болуға, әрі салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. ССКӨБ командасы Еуразиялық Топ ұйымдастыратын келесі жолғы жарысқа тыңғылықты дайындалып, біріншілікті иеленеміз деп мақсат етіп отыр. Біз де спортшыларға алға қойған мақсаттары орындала берсін дейміз.

Дамира ҚОЖАХМЕТОВА.

● ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ

Естігенімді айтайын

Отаршылдық бұғауынан құтылуға ұмтылған қазақ халқының тарих таныған бір ұясы – Торғай екені белгілі. Биыл осы көтерілістің 100 жылдық мерекесі атап өтілетіні де анық. Осы даңқты оқиғаға байланысты тарихшы-ғалымдар да, ақын-жазушылар да, тіпті, сол кезеңнің куәгерлерінің ұрпақтары айтып та, жазып та жүр. Бірақ, мына бір жайды түсіністікпен, сыни көзқараспен талдау керек болар. Он алтыншы жылдың "атты қазағы" (жергілікті жерлерде ұлт дүмпуін осылай атайтындығын білетінбіз), азамат соғысы, ашаршылық (1920 жылдардағы), байларды тәркілеу деген науқан, 1930-32 дегі Голощекин қолдан ұйымдастырған ашаршылық, 1937-38 жылдардағы қазақтың қаймағын сыпыра жалмаған қуғын-сүргін, міне, қазақтың, оның ішінде Торғай қазағының көрген төперіштері. Сөйтіп, елде жөні түзу әңгіме, хабар айтатын адамның сиреп қалған, тіпті қалмаған.

1950 жылдардың басы. Менің он екі-он үштегі кезім. Біздің ауылға тарихшы Аяп Нұрханов деген кісі келіп, Торғайда болған көтеріліс туралы мәлімет жинады. Сонда ауылдағы көпіріп сөйлейтін, өтірік соққанда шімірікпейтін бір ақсақалдың: "Е, біз де қатыстық қой, шоқпармен қаруланған 40-50 сарбаз жаудың тобына кіріп кетіп қиратып салдық, олардың қашуына қол жеткіздік", – деп айтқанын күлкі етіп жүретін. Торғай өңірінің бірегей тумасы, данагөй, ақын, діндарлар әулетінің өкілі Файзолла Сатыбалдыұлының бірер жерлесінің Аманкелді көтерілісіне қатысып, мыңбасы болдық деген өтірігіне наразылығы білдіріп, өлеңге кірістіргенін де білеміз.

Торғай өңірінде он алтыншы жылғы көтеріліс кезінде сарбаздар жиналып, дайындық өткізген, немесе жазалау-

шы орыс әскерімен ұрыс болған Қоғалы (Аққұмнан 15-20 шақырымдай жерде), Ақмырза (Торғайдан 8-9 шақырымдай жерде орналасқан қопашық), Татыр (қазіргі Жаркөл ауылының аумағында) деген тарихи мекен деуге жататын орындар бар.

Әкем Алмат Күйікбасұлының (ол кісі 1885 жылы туған еді): "Торғайға шабуыл алдында Қарақоға болысына жататын (мыңбасы Дәуренбек Сандыбайұлы) сарбаздар алдында Қыпшақ әскерінің қолбасшысы Аманкелді Үдербайұлының топ алдында сөйлегенін естіп, өзін көрді. Сонда батырдың: "Арғы атам батыр Иман екен, кешегі құба қалмақ заманында қыпшақты бір төбеге жиған екен", деген сөзі есімде қалған еді. Қалың сарбаз қалаға шабуыл алдында салауат айттық, – дегені есімде. – Кейкі, Сарбас т.б мергендердің үйлердің мұржаларына жасырынып отырып, орыс казармасынан шыққан солдаттарды қағып түсіріп жатқанын көргендер айтып келді. Қалаға шабуыл кезінде немере інім Әділбек Стамқұлұлы жамбасынан оқ тиіп, аттан құлап бара жатқанда дереу жараланған бауырымды сыртынан құшақтап отырып, ал атты жүзбасы боп жүрген Бөлтірік Смайылұлы деген немере ағам жетектеп қаладан шығып кеттік. Тәртіп қатаң, тек біздің жараланған сарбазды алып шығып бара жатқанымыздан ғана ұрыс даласынан кетуімізге рұқсат берілді", – деп айтып отыратын.

Сонда бұл көтеріліске халықтың жаппай қатысқанының белгісі емес пе. Бір әулеттен – Кеделбай шалдың Смайыл, Стамқұл, Күйікбас атты балаларының – Бөлтірік, Алмат, Әділбек үшеуінің бірдей Торғай шабуылына қатысуы көп ғайтты аңғартса керек.

Енді бір әңгіме Татыр соғы-

сына байланысты. Бұл жерде жазалаушыларды күтіп, қарсылық көрсеткен негізінен Шұбалаң (мыңбасы Тынымұлы Омар – Мерген руынан шыққан Сағындық бұтағының өкілі), Аққұм (мыңбас Қабақұлы Карбоз – Қитабаның Ақпаны), Қарақоға (мыңбасы Сандыбайдың Дәуренбегі – Досымның Мырзабек әулетінен) болыстарының сарбаздары. Осы Татыр айқасы кезінде көзсіз ерлік көрсеткен Тоба-жанның Әсемғазысы деген кісінің еңбегін айтып отырушы еді марқұм әкем.

Аппауыт атқа мінген екі бірдей жазалаушының үстібасын қан қылып, қылыштап жатқанына қарамай, құдай берген өлемет қарумен, көз ілеспес жылдамдықпен екі орысты бір-біріне соғып мерт қылып, ойнақтап бос қалған екі арғымақты қарақоғалық сарбаздардың жүзбасы боп жүрген өз туысы, Лақ руының өкілі Үркімбайұлы Тұяқбайға әкеп бергенін көргенбіз дейтін жарықтық.

Әсемғазы ағамыздан жалғыз Айман атты қыз қалған екен, кейін балалар үйіне тапсырылған. Сол кісінің өмірде барынан хабардар Ниязұлы Сұлтан деген азамат Қостанай түбіндегі бір Күрлеуіт Жұмабай деген кісіге бала боп жүрген жерінен тауып, торғайлық екендігін, ұлт-азаттық қозғалысының қаһарманы Әсемғазы Тобажанұлының қызы екенін мойындатқан еді. Айман апамыз өзінің өмірлік жары Мырзахан Мәжентайұлы Өтегенов жездемізбен екеуі де Торғай қаласында дүниеден озды. Сонда жерленген. Ол кісілердің ұрпақтары бар.

Орекен АЛМАТ,
Жанкелдин ауданының
құрметті азаматы,
зейнеткер.
Арқалық қаласы.

Жарнама 54-33-22,
54-99-69 (факс)

"Мартыненко Светлана Николаевна" ш/қ сенімді тұлғасы – Кенжебаев Берик Шакиржанович кепілдік мүлкікті сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Буревестник селолық округінде орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды:

– алаңы 802 гек, оның ішінде егістер – 800,0 гек, жолдар – 2,0 гек, жері жалға алу мерзімі – 21.02.2055 ж дейін, кадастрлік №12-186-016-136, жер учаскесіне уақытша ұзақ мерзімге жер пайдалану құқығы.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілетін күні енгізіледі.

Сауда 2016 жылғы 16 қыркүйек, сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Буревестник а., ауылдық акимат ғимараты.

Өтінімдер 2016 жылғы 15 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Наурызым ауданы, Қараменді а., М.Сүгірұлы көшесі, 18 үй, 1 пәтер. Телефон 8-777-706-04-02.

Доверенное лицо к/х "Мартыненко Светлана Николаевна" – Кенжебаев Берик Шакиржанович в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок, расположенный на территории Буревестнинского сельского округа Наурумского района, Костанайской области, предназначенный для ведения крестьянского хозяйства:

– Право временного возмездного (долгосрочного, краткосрочного) землепользования (аренды) на земельный участок общей площадью – 802,0 га., из них пашни – 800,0 га, дорог – 2,0 га, срок аренды земельного участка до 21.02.2055 г, с кадастровым №12-186-016-136.

Покупная цена вносится наличными деньгами в день проведения торгов.

Торги состоятся 16 сентября 2016 года в 10.00 часов по адресу: Костанайская область, Наурумский район, село Буревестник, здание сельского акимата.

Заявки принимаются в срок до 18.00 часов 15 сентября 2016 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, Наурумский район, село Караманды, улица М.Сугурлы, 18 кв. 1. Телефон 8-777-706-04-02.

«Кузбаев Сапабек Аскарлович» шаруа қожалығының басшысы С.А.Кузбаевтың сенімді тұлғасы Кудербекова А.М. кепілдік мүлкікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Надеждин селолық округі аумағында орналасқан тауарлы ауыл шаруашылық өнімін өндіруге арналған кадастрлік нөмірі 12-183-048-031, өлшемі 242, 0 га бөлінетін жер теліміне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2016 жылғы 17 қыркүйек, сағат 09.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай ауданы, Надеждинка с., Западная граница, кеңсе.

Өтінімдер 2016 жылғы 16 қыркүйек, сағат 17.00-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай обл., Қостанай ауданы, Затобол п., Школьная көш., 52/2, тел. 87774431698.

Доверенное лицо Главы Крестьянского хозяйства "Кузбаев Сапабек Аскарлович" Кузбаева С.А. Кудербекова А.М., в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного долгосрочного землепользования сроком до 24.01.2050 года на делимый земельный участок мерою 242,0 га, с кадастровым номером 12-183-048-031, предназначенный для ведения товарного сельскохозяйственного производства, расположенный на территории Надеждинского сельского округа Костанайского района Костанайской области.

Покупная цена вносится в течение 5 календарных дней после проведения торгов. Торги состоятся 17 сентября 2016 года в 09.00 часов по адресу: Костанайский район село Надеждинка Западная граница, контора. Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17 часов 16 сентября 2016 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область Костанайский район поселок Затобольск улица Школьная 52/2, тел.87774431698.

"Кинебаев Сергей Джолмагомбетович" шаруа қожалығының басшысы С.Д. Кинебаевтың сенімді тұлғасы Мендекинова Рысалды Турсунбаевна кепілдік мүлкікті соттан тыс тәртібімен Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Федоров селолық округі аумағында орналасқан , шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-184-023-197, өлшемі 105,0 га бөлінетін жер теліміне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату бойынша сауда өткізілетіні туралы хабарлайды .

Сатып алу бағасы 10 күнтізбелік күн ішінде сауда өткізілген сәттен бастап қолма-қол ақшамен енгізіледі.

Сауда 2016 жылғы 21 қыркүйек, сағат 10.00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Ұзынкөл ауданы, Федорова с., "Веста" ш/қ кеңсе ғимараты.

Өтінімдер 2016 жылғы 20 қыркүйек сағат 17-ге дейін сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл с.,Медгородок к-сі, № 3 үй,2-ші пәтер. Тел 2-12-21.

Ауылдағы той



5-бет Шашу шашып, бата берді. Сондай-ақ, соңғысы – "Қазақстанның болашақтары". Олар да өз өнерлерін барынша ортаға салып, болашақта өздеріндей ұрпақ өсіп келе жатқандығын көз алдымызға келтірді. Бірыңғай жастар ел туын көкке көтеріп, біздің биікке самғайтын ел екендігімізді көрсетті.

Жалпы, барлық топтың өнерін қазылар алқасы бағалады. Соның нәтижесінде, бірінші орынды "Қазақстанның болашағы" бағындырса, ал, екінші орынды "СССР" еншілеп, ал қалған топтар үштіктен көрінді.

Айта кеткен жөн, ауылдық мәдени клуб қызметкері Раушан Стаптың ұйымдастыруымен өткен мерекелік шара ауыл халқына тамаша әсер сыйлады.



Бұндай мереке ауылда көптен бері болмап еді. Жаңа әкім келгелі ауылда өзгеріс көп. Бүгін, міне, бір ерекше сәтті бастан кешіріп жатқан жәйміз бар. Сондықтан, ауыл әкімі мен мәдени клуб қызметкеріне алғысым шексіз, – дейді ауыл тұрғыны Зинұр Биболова әжей.

Думаннан соң ауылдың шетінде ат жарысы ұйымдастырылды. Мерекенің мәні мен сәніне айналған бұл додаға Сарыкөл кенті мен Веселоподол ауылының командасы қатысты. Олар "Қыз қуу", "Көкпар", "Теңге алу" және "Бәйгеден" сынға түсті. Алғашқы сайыста ешкім қызды қуып жете алмай, нәтижесінде Люба Баширова жеңіске жетті. Ал, екінші сында веселоподолдық ардагерлер командасы жеңімпаз атанды. Осы орайда айта кеткен жөн, көкпарға ауылдық округ әкімі Жақсылық Мейрамбаевтың өзі де қатысты. Ал, үшінші ойында Самат Сақыпжанов алдына жан салмады. Сондай-ақ, 1500 шақырымда өткен бәйгеде бірінші орынды шабандоз Исатай Дүйсенғалиев жеңіп алды.

Сайыс жеңімпаздарына демеушілік жасаған ауыл тұрғындарының атынан ақшалай сыйлықтар берілді.

Сарыкөл ауданы.

Бауырыңа өмір сыйла

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қостанай облысы бойынша өкілдігі және мешіт жамағаты "Жақсылық жасауда жарысыңдар" деген хазіретті Мұхаммед (с.ғ.у.) пайғамбарымыздың хадисіне амал етуде алдарына жан салмайды.


Мұның айғағы, облыстық "Қан орталығы" мекемесі Қостанай облыстық "Марал ишан" мешітіне "Бауырыңа өмір сыйла" деген ұсыныс білдірген болатын.

Бұл ұсыныс өрікті жамағат тарапынан және облыс орталығына таяу қалалар мен аудандар тарапынан қолдау тауып, иманды азаматтар донор болды.

Жалпы, бұған дейін де мұндай шаралар тұрақты негізде жүргізіліп тұрады.

Өз кезегінде облыстық "Қан орталығы" ұжымы мұсылмандар тарапынан жасалған ұсыныстың әрдайым қолдау табылатынына ризашылығын білдірді.

ҚМДБ Қостанай облысы бойынша өкілдігінің баспасөз қызметі.



Қостанай облысы төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері балалар мен ересектерге тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі бойынша "Балаларға сіріңке ойыншық емес" атты флеш-моб өткізді.

Мұндайды бірінші рет көрген балалардың қуанышты екенін байқауға болады. Себебі шара ойын түрінде өтті. Әсіресе үлкен бутафорды сіріңкелерді бұрынсоңды көрмеген еді. Өрт сөндіру қызметінің мамандары мен Қостанай қаласы ТЖБ қызметкерлері кішкентай ғана



сіріңкенің адам өміріне зияны туралы ақпарат берді. Тілсіз жау қаншама өмірді жалмайды. Ал ата-аналар өрт сөндіру құралдарын пайдалануды үйренді.

– Ересектер жағы өрт сөндіргіштерді күнде көріп жүргенімен,

оны қалай қолдануды біле бермейді. Ондай қажеттілік туындамаған соң тәжірибенің жетіспеушілігі де болатыны рас. Бүгін біз әрбір ата-ана қиын жағдайға дайын болу керектігін көрсетіп, балаға ненің жақсы, ненің жаман екенін үйретуге тиісті екенін ескертудеміз, – дейді бас маман Бақыт Мұқанова.

Осыған орай ересектерге тұрмыстағы қауіпсіздік ережелерді сақтаудың маңыздылығы және балаларды сіріңкемен ойнамау керектігін түсіндіретін өрт қауіпсіздік жөнінде ескертпелер үлестірілді.

"АУЫЛЫМ – МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!"

"Қостанай таңы" газетінің фотобайқауы

Сурет – тарих, сурет – уақыт уысынан суырып алынған "тірі" секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

Таяуда "Қостанай таңы" газеті оқырмандар арасында "Ауылым – менің жұмағым" атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат – жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды. Жасқа да, жасамысқа да, кәсібі шеберге де, әуесқой фотошыға да шарт біреу – талғамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, суреттеріңізді Kostanaytany@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Жұмыстар 1 қазанға дейін қабылданады.



"Қостанай таңы" газеті жариялаған фотобайқаудың кезекті қатысушысы – Санжар Алпыс. Аманкелді ауданындағы Ә.Боранбаев орта мектебінің 8-сынып оқушысы. Байқау туралы естісімен өзі түсірген суреттерді жіберген. Ол өзінің фотоаппараты арқылы ауыл баласының жарқын бейнесін жеткізуге тырысқан. Суреттегі – оның қарындасы. Бұл бала ауылдың тып-тыныш тіршілігінен нәр алып, ешқандай ғаламтордың шырмауына шатасып жатқан жоқ. Алаңсыз ойнап-күлуде.

Білгеннің артықтығы жоқ

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-58

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10681. Тапсырыс 1848. Нөмірдің кезекші редакторы Жандос ЖҮСІПБЕКОВ.

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Желтый
Черный